



www.jasqazaq.kz

vk.com.jasqazaq

Jasqazaq

Жас қазақ

Газет
2005 жылдың
7 қаңтарынан
шыға бастады

№10

(790)

13 наурыз

2020 жыл


JAS QAZAQ

ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, АҚПАРАТТЫҚ-ТАНЫМДЫҚ, АҚПАРАТТЫҚ-САРАПТАМАЛЫҚ ГАЗЕТ

ҚИЫН ТҮЙІН

МҰНАЙ ШЫРҒАЛАҢЫ

Коронавирус кеселі есеңгіреткен әлемдік экономикаға тағы бір жойқын соққы! Сарапшы қауым мұнай бағасының әп-сәтте 25 пайызға арзандауын осылай бағалады. Мұндай құлдырау 1991 жылы Парсы Шығанағын соғыс жалыны шарпығанда болып еді. Бірақ ол кездегі ахуал мүлде басқа. Ұрыс қимылдары «қара алтынға» деген сұраныс үсті-үстіне артқан кезде басталған. Ал қазір керісінше. Ғаламдық базарда ұсыныс мол. Тәжкеселмен кескілескен күрес жүргізіп жатқан Қытай дәл қазір «тойымсыз» тұтынушы емес. Ендеше, сұраныс азайып жатса, қара майға бай елдер неге өндіріс көлемін арттырғысы келеді?



«ҚАРА ДҮЙСЕНБІ»

Бұл сұраққа жауап табу үшін 5-6 наурыз күндері Венада өткен ОПЕК+ келісіміне мүше елдер мұнай министрлерінің басқосуын еске түсірген жөн шығар. Еске сала кетейік, аталған формат 2014 жылғы «қара алтын» құнындағы дағдарыстан кейін дүниеге келді. Төрт жыл бұрын ОПЕК пен Ресей бастаған осы ұйымға мүше емес елдер күнделікті өндіріс көлемін 1,7 млн баррельге азайту жөнінде келісті (уағдаластық мерзімі алдағы 31 наурызда аяқталады). Бұл келісімге 250 мың баррельмен Қазақстан да қосылды. Сөйтіп мұнай нарығы тұрақталды. Қара май бағасы кейде 80 долларға да жақындады. Соның арқасында қазынасы көмірсутегіге ғана сенетін Ресей мен Қазақстан секілді елдердің жағдайы жаман болған жоқ. Терістік көршіміз валюта қорын 550 млрд доллардан асырып, Ұлттық әл-ауқат қорындағы қаржы мөлшерін 7 трлн рубльге жеткізіп тастады. Біздің үкімет те алтын-валюта қорын молайтып, Ұлттық қордың бүйірін біраз кампайтты. Мемлекеттің тұрғындар алдындағы әлеуметтік міндеттемесін қиналмай орындап, тұрақтылықты қамтамасыз етті.

(Жалғасы 4-бетте)

АЛАҢЖҰРТ

«АЛЫПСАТАР, ПАЙДАНЫ ЕМЕС, ХАЛЫҚТЫ ОЙЛА!»



Әлем картасын ашып көрдіңіз бе? Жер-жаһан қып-қызыл түске боялған. Тек Орталық Азия ғана жап-жасыл. Оның ішінде Қазақстан көзге ерекше басылады. Ғаламторды жарып тұрған, коронавирус таралған елдердің картасын айтып отырмын. Құдайға шүкір! Бүкіл әлем айылын жиған алапат дерттен қазақ жерінің таза болғаны көңілге демеу. Бірақ күні кеше еліміздің бас тазалық дәрігері Жандарбек Бекшин оқыс мәлімдеме жасады. Оқыс дейтініміз, бас санитар төрткүл дүние үрейленіп отырған тажалдың біздің елге келе жатқанына қуанған кісідей хабарлады. «Наконец-то» дегенін қалай түсінесіз енді?!

Бекшин таратқан мәліметке сенсек, әлгі аты жаман ауру осы айдың 11-16 аралығында келетін көрінеді. «Бір апта ары, бір апта бері...» деп болжам жасағанын басқаша тәпсірлеу де қиын.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы коронавирусты пандемия деп жариялады. Іле-шала Қазақстан Президенті Қ.Тоқаев мәлімдеме жасап, наурыздың 16-нан 5 сәуірге дейін мектептерде сабақ тоқтайтынын, жоғары оқу орындары қашықтан оқыту жүйесіне ауысатынын жеткізді. Сонымен бірге үкімет арнайы алдын алу шараларын қолға алатынын, қоғамдық іс-шаралар уақытша тоқтатылатынын, тұрғындар азық-түлікпен және ең қажетті тауармен үздіксіз қамтылатынын, шағын және орта бизнес зардап шекпеуі тиіс екенін ескертті.

(Жалғасы 3-бетте)

ЖЕДЕЛ СҰХБАТ

Осы аптада мұнай бағасы күрт түсіп, доллар бір-ақ сәтте шарықтап шыға келді. Экономистер мұны «Қара дүйсенбі» деп атап жатыр. Олай деуге негіз бар. Бүкіл әлем долларға байланып қалғаны анық. Ал мұнай бағасының құлдырауы қазба байлық экспортына тәуелді елдерге тиімсіз. Экономиканың ендігі беталысы қандай болуы тиіс? Осы сұрақты халықаралық журналист, экономикалық сарапшы Қуаныш Еділханға қойып көрдік.

ӨНДІРІСТІ АУЫЛДА АШУ КЕРЕК

Jas qazaq: Мұнай бағасы мен доллардың қалай құбылғанын көріп отырсыз. Мұндай жағдайда үкімет экономикаға бет бұрып, жұмыс орындарын ашулы, ауыл шаруашылығы мен жеңіл өнеркәсіпке басымдық беруді басты мақсатқа айналдыру қажет сияқты. Бұған не айтасыз?



Қ.Еділхан: Әрине, билік әлі де болса ауылға бет бұрса, біз бұл бағытта ұтылмасымыз анық. Өйткені қалай десек те, біз ауылдан әлі қол үзе қойған жоқпыз. Ол біздің генімізде бар. Ол үшін жоғарыда айтқанымыздай, әрбір ауылда сол ауылға тән, ұсақ болса да, өндіріс орындарын ашуға тырысу керек деп ойлаймын. Мысалы, егін шаруашылығы жоқ деп есептелетін біздің Маңғыстау өңірінде де соңғы жылдары жылыжай салу біршама өркендеп келеді. Ал мал басы Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарымен салыстырғанда біршама өсе түскені байқалады. Жаз бойы шұбат сату біршама жолға қойылды. Тек мұны әрі қарай дамытса, шұбат бағасы арзандауына септігін тигізер еді.

Jas qazaq: Демек, сіздің ойыңызша, Қазақстан үшін мұнай мен газдан басқа қол жетіп тұрған ең тиімді экономиканың көзі төрт түлік мал мен қара жер болды ғой?

Қ.Еділхан: Қазақстан үшін мұнай мен газдан басқа қол жетіп тұрған ең тиімді экономиканың көзі жоғарыда айтқанымыздай, тек қана ауыл шаруашылығы. Соншама кең жері бар біз сияқты ел үшін басқа тиімді экономиканың көзін табу қиын. Каспий жағасындағы Форт-Шевченко қаласындағы балық консервілеу зауыты қайда кетті? Неге оның инфрақұрылымы, станоктары талан-таражға түсті? Неге оны қалпына келтірмеске? Қант өндірісі қайда кетті? Оны шетелден тасығанша неге бұрынғы өндірісті қалпына келтірмейміз?

Jas qazaq: Соңғы жылдары экономикадағы ірі жобалар туралы сөз қозғалмайды. Шағын кәсіпкерлікті де сирек ауызға аламыз. Отыз ине мен жіпке дейін сырттан әкелеміз. Осылай жалғаса берсе, мұнайға өмір бойы тәуелді болып қалмаймыз ба?

Қ.Еділхан: Әрине, мұнайға қазірдің өзінде тәуелдіміз. Осы 30 жылдың ішінде үкімет бірталай бағдарламаны жүзеге асырды. Біз азын-аулақ тамақ өнеркәсібінен басқа халық тұтынатын ешбір өнім шығара алмадық. Соншама уақыт, қаржы мүмкіндігі бола тұра, оны дұрыстап пайдалана алмадық. Барлық жерді жаулап алған жемқорлық пен көзбояушылық өндірісті тұралатып кетті. Жемқорлықтың кесірінен барымыздан айырылып отырмыз.


Jas qazaq: Ол түсінікті. Дегенмен қарап отыруға келмейді. Осындай жағдайда ауылдағы жастарға жұмыс тауып берудің қарапайым жолы бар ма?

Қ.Еділхан: Ауылдағы жастарға жұмыс тауып берудің қарапайым жолын айту өте қиын. Бұрынғы КСРО кезінде де ол оңай емес еді. Жер де, мал да жекеге қарап, бұрынғы шаруашылықтар тарағалы, тіпті қиындап кетті. Жүн, теріні өңдеу, ет комбинаттары, сүт өңдеу, құс шаруашылығы, кант өндірісі, т.б. жерлерде жұмыс орындары ашылса, жастар ауылдан кетпес те еді. Өкінішке қарай, біз бұл жөнінен де мақтана алмаймыз. Ауылға деп бөлінген қаражат көбіне жетер жеріне жетпей, талан-таражға түсіп кетіп жатыр.

Сұхбаттасқан Жарас КЕМЕЛЖАН

КОРОНАВИРУС ӘЛЕМДЕ

Cumulative number of cases, by number of days since 100th case



БИРЖАМЕТР

МҰНАЙ (brent)
33,71

DOLLAR
394,60

EURO
446,02

РУБЛЬ
5,52

ПРОЗА

САБЫР мен СЫБЫР



(Бұл туралы 7-беттен оқыңыз)

БИЛІК

Бұл дүйсенбі демалыс болғанына қарамастан, Президент мұнай нарығындағы тұрақсыздыққа байланысты елдегі экономикалық ахуалды талқылаған жиын өткізді. Тиісті мекемелерге бірқатар тапсырма берілді. Сейсенбі күнгі үкіметтің отырысында экономикадағы міндеттер, соның ішінде импортты алмастыруды көздейтін нақты іс-қимылды қолға алу жағы сөз болды.

АЛЫСТАН АРҚАЛАҒАНША, ӨЗІМІЗДЕ ЖАСАЙЫҚ

Асқар Мәминнің төрағалығымен өткен жиында Қазақстан Республикасының 2020 жылғы қантар-ақпандағы әлеуметтік-экономикалық дамуының қорытындысы және республикалық бюджеттің атқарылуы қаралды. rgimeminister.kz сайты хабарлағандай, ел экономикасы мен банк саласындағы ахуал, республикалық бюджеттің орындалуы, еңбек нарығындағы жағдай және инфрақұрылымдық жобаларды іске асыру жайы әңгіме өзегіне айналды. Осы мәселелер бойынша ұлттық экономика министрі Руслан Дәленов, Ұлттық банк төрағасы Ерболат Досаев, Премьер-Министрдің бірінші орынбасары — қаржы министрі Әлихан Смайылов, еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Біржан Нұрымбетов, сондай-ақ индустрия және инфрақұрылымдық даму бірінші вице-министрі Қ.Өскенбаев баяндалды.

Министрлердің есебіне жүгінсек, биылғы қантар-ақпанда жалпы ішкі өнім өсімі 2019 жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 3,3 пайызды құрады. Негізгі капиталға салынған инвестициялар 11,6%-ға, оның ішінде жеке инвестициялар 12,1%-ға өсті. Инфляция 6 пайыздық максатты дәлізде сақталады. Экономиканың шикізаттық емес салалары, оның ішінде автомобиль жасау (72,2%) және жеңіл өнеркәсіпті (12,4%) қоса алғанда, өңдеуші өнеркәсіп — 9,4%-ға, құрылыс — 11,9 пайызға өсті. Ұлттық қор активтері 61,1 млрд доллар, алтын-валюта қоры 29,3 млрд долларды құрады.

Отырыста сөйлеген А. Мәмин «Бүгінгі таңда сыртқы экономикалық

конъюнктурала теріс динамика байкалып отыр. Бірқатар ірі халықаралық қаржы ұйымдары мен даму институттары биыл әлемдік экономиканың өсу болжамдарының төмендегенін хабарлады. Қуат көзін тасымалдаушыларға баға төмендеуінің әсері ОПЕК-тің нарықты тұрақтандыру бойынша үйлестірілген шараларды іске асыруға қатысты келісімге келе алмауы аясында күшейе түсті» - деді.

Отырыста Мемлекет басшысы жедел әрекет ету республикалық штабы құрылғанын айтылды. Премьер-Министр мұндай штабтардың барлық

ішкі резервті іске қосуымыз керек» дей келе, импортты алмастыруды күшейту жөніндегі нақты шаралар мен жоспар әзірлеуді тапсырды. Премьер-Министр «Самұрық-Қазына» ҰӘК» акционерлік қоғамына, ұлттық басқарушы холдингтерге және үкіметке есеп беретін басқа да ұйымдарға валюта нарығындағы өз операциясын Ұлттық банкпен келісе отырып жүргізуді тапсырды. Сонымен қатар, қаржы министрлігіне мемлекеттік органдармен бірлесіп, бір апта мерзімде басым емес инвестициялық жобаларды іске асыру мерзімін шегеру, бюджет шығысындағы басымдықты қайта қарау жөнінде ұсыныс енгізуі тиіс. Үкімет басшысы еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне әлеуметтік төлемдерді толық көлемде қамтамасыз етуге және жұмыспен қамтудың жаңа Жол картасын әзірлеуге тапсырма берді. Бұған қоса,



өңірлерде құрылғанын атап өтті. Үкімет ахуалды жақсартудың бірнеше нұсқасын пысықтады. Олардың әрқайсысы қажетті ресурстармен, соның ішінде қаржы көзімен қамтамасыз етілген. Ұлттық экономикаға теріс сыртқы конъюнктурадан ықпалын азайтуға бағытталған бірқатар шаралар әзірленді. Үкімет басшысы аталған іс-қимылдың негізгі мақсаты халықтың әл-ауқатының сақталуын қамтамасыз ету екенін, тұрғындардың қиындық көрмейтінін тілге тиек етті. Премьер-Министр әкімдіктерге әлеуметтік маңызы бар тауарлар бойынша нарықтарда тауар интервенцияларын өткізу үшін тұрақтандыру қорларының тиімді жұмысын қамтамасыз етуді тапсырды. Ол «Біз отандық кәсіпорындардың тауарлары мен қызметтеріне сұранысты ынталандыру бойынша қолда бар барлық

инфрақұрылымдық жобаларды іске асыру, әлеуметтік нысандарды жөндеу және елді мекендерді абаттандыру жөніндегі жұмысты күшейту, сондай-ақ әкімдіктермен бірлесіп азаматтардың еңбек құқықтарының сақталуына қатан бақылауды қамтамасыз ету тапсырылды. А. Мәмин өз сөзін «Біздің ортақ міндетіміз — әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз ету және жұмыспен қамту. Әрекет етіп тұрған жұмыс орындарын сақтауға және жаңа жұмыс орындарын құруға ерекше назар аудару қажет. Мемлекеттің барлық әлеуметтік міндеттемелері орындалатынын атап өткім келеді. Барлық зейнетақы мен жәрдемақы уақытылы әрі толық көлемде төленеді», — деп түйінделді.

Талап ТІЛЕГЕН

Деп салды

Ералы ТОҒЖАНОВ,
Премьер-Министрдің орынбасары:



«Үйлену тойы, туған күн мен мерекелер - өте маңызды. Бірақ денсаулық одан да маңызды мәселе. Мұндай шараларды өткізгісі келген адам жақсылап ойлануы керек. Әсіресе біз көп қонақ шақырып той өткізуді жақсы көреміз. Шақыратын қонақтардың санын барынша қысқарту керек. Мұндай шараларды кейінге шегеріп тастаса, тіптен жақсы».

Аптаның айтары



Гүлжан ҚАРАҚҰСОВА,
Мәжіліс депутаты:

«Өмірімде екі-ақ рет несие алдым. Сол үшін өкінемін. Бір рет ипотека алдым, екіншісі – кредит. Бірақ барлығын уақытынан бұрын жауып тастадым. Неге өйттім? Қазір енді менің сол несиемді көшіре салар еді. Өзің алдың ба, өзің қайтар. Әйтпесе, олар мемлекеттің есебінен емес, сіз бен біздің есебімізден өмір сүріп жатқан болады. Бұған жол беруге болмайды! Біреулер жұмыс істеп, салық төлейді. Ал екіншілері... Көшіріңіз! Мен мұндай саясатпен келіспеймін».

Арман БЕЙСЕМБАЕВ, қаржы сарапшысы:

«1 сәуірге дейін мұнай өндіруші елдердің өзара келісім жасауына уақыты бар. Егер ешқандай мәмілеге келмей, Сауд Арабиясы бұрынғыдай көп мөлшерде мұнай өндіруін жалғастыра берсе, қара алтын құны 25 доллардан төмен түсіп кетуі мүмкін. Мұндай жағдайда АҚШ валютасы 400 теңгеден асып кетеді. Бірақ бұл өзiрге болжам ғана».



10.03.2020

Аршын ҒАЛЫМБАЕВ,
Қазақстан ақша айырбастаушылар қауымдастығының президенті:


«Бүгін ақша айырбастаушылар саны едәттегіден аз. Өйткені халық бағамның тұрақталғанын күтіп отыр. Ешкім қымбатқа ұрынғысы келмейді. Бірақ мүлде ешкім келмеді деп те айта алмаймын. Көп тұтынушылар долларларын сатып жатыр. Бірақ теңгесін шетелдік валютаға айырбастап жатқандары да жетерлік».

БЮДЖЕТ ҚАРЖЫСЫН ИГЕРМЕГЕНДЕР (мекемелер – млрд/теңге)

Ұлттық экономика министрлігі	15,6
Ұлттық қауіпсіздік комитеті	8,3
Білім және ғылым министрлігі	4,7
Әділет министрлігі	4,6
Мәдениет және спорт министрлігі	4,2
Ішкі істер министрлігі	3,3

Дереккөзі: Қаржы министрлігі

Әлеумет.t⁰



ӘЙТЕУІР... «КЕЛМЕСЕ» ЕКЕН!

Әлемді кесел кезіп жүр. Коронавирус кеселі. Тәжтажал туралы ақпар күн өткен сайын үрейді ұшырып барады. Тіпті Дональд Трамптың өзі селкос қала алмады. 13 наурыздан бастап Еуропа елдерінен АҚШ-қа адам баласы аттап баспайтыны жөнінде мәлімдеме жасады. Тек Ұлыбритания және елге қайтқан америкалық азаматтарға ғана кіруге рұқсат. Оның өзінде қажетті тест тапсырғаннан кейін. Соңғы дерекке сенсек, АҚШ-та кесел жұқтырғандар саны мыңнан асыпты.

Қытайда, керісінше, кеселдің беті қайтқан сияқты. Бұған осы елдің мемлекет басшысы Си Цзинпиннің жақында коронавирус ошағы Ухан қаласына барғаны дәлел болса керек. Сондай-ақ бұл елде вирус жұқтырғандар саны азаюда.

COVID-19 енді Еуропаға жетті. Әсіресе, Италия, Франция, Испания және Германияда жағдай мүшкіл көрінеді. Еурокомиссия коронавируске қарсы күреске 230 млн еуро бөлінгенін жария етті.

Осы вирус алғаш таралған Қытай қайда, Еуропа қайда? Еуропаға қарағанда ең жақын көршінің бірі біздің ел емес пе? Сонда бұл кесел бізді айналып өтіп Еуропада көз ілеспес шапшаңдықпен таралып жатқаны қалай... деп ойлап та үлгермедік. Еліміздің бас санитарлық дәрігері Жандарбек Бекшин 8 наурыз мейрамы өте салысымен «біртүрлі» мәлімдеме жасады. Оның айтуынша, біздің елге коронавирус 11-16 наурыз аралығында «келуі» мүмкін екен. «Әйтеуір, келетін болыпты!» Жер-жаһанды дірілдеткен тәжтажал емес, құлды көптен құтысқан құдалар келе жатқандай. Бекшин мырзаның айтуынша, оның өзі жай ғана болжам. Ғалымдардың математикалық модельдеуі-мыс. Оқымыстылар арнайы формулаға сүйеніп, осындай болжамды дүниеге әкелген. «Ойпырмай, бізден көш ілгері еуропалықтар сондай формуланы ойлап табуға басы жетпеген бе» дейсің еріксіз. Өзінің артық кеткенін сөзді ме, дереу «келмеуі де мүмкін» деп кейін шегінді. Ауа райын болжағыштардың «жаңбыр не жауады, не жаумайды» дегені сияқты... Оның үстіне кеселге қатысты «келеді-келмейді» деудің өзі тосын. Кейбір ақпарат құралдары ойланбастан «коронавирус келеді» деп жерден жеті қоян тапқандай басып жіберді. Сөз қолданудың дұрыс-бұрыстығына бас қатырып жатқан ешкім жоқ. Әрине, ол басқа әңгіме.

Сол күні кешқұрым денсаулық сақтау министрі Е.Біртанов «елімізде бірде-бір адам коронавируспен ауырған жоқ» деп Фейсбукте пост жариялады. Өттен, бәрі де кеш еді. «Айтылған сөз — атылған оқ». Біздің адамдар шетінен жатыпатар ғой. Басқа жағын қатырмаса да, сөздің түбін түсіреді. Егер де күлкі коронавирустан сақтайтын болса, кеселмен күресте бізге тең келер ел болмаса еді.

Әйтсе де, күлетін жағдай емес. Коронавирустың елімізде тіркелмегені жөнінде биік мінберден айтылып жүр. Сақтану жағы да ұмыт қалмады. Тәжтажал тіркелген елден келгендердің оқшауланғанын білеміз. Қарсылық танытқандарына, жатқызған орынға көңілі толмайтындардың байбаламына да қарамады. Бұл жағынан құзырлы орындардың табандылық танытқаны көңілге медеу. Бәлкім, жақын отырсақ та, көрші елдегі кеселдің таралмауы қауіпсіздік шараларының дер кезінде қолға алынуынан шығар. Өйткені Дональд Трамп Еуропа елдеріне дәл осы жағынан кінә тағып жатқан жоқ па? Шетелден келген басқаларды былай қойғанда, Уханнан қайтарылған студенттер де, тіпті аты-шулы кемемен қайтқандар да дін-аман. Осы орайда мәскеулік профессор Павел Воробьевтің мына сөзі еске түседі. «Кеме екі аптадай Иокогама маңында карантинде тұрды. 600-і коронавирус жұқтырса да, жасы 80-нен асқан екі адам ғана қайтыс болды. Егер вирус шынымен қауіпті болса, кемедегілер тегіс қырылар еді. Осы эпидемияның кімге, не үшін керек болғанын кейін біле жатармыз», — дейді ол.

Әйтсе де, қауіпсіздік шараларының артығы жоқ. Соның бірі — жан-жағыңды қымтап, түмшалану. Экономикаға шығын келгеніне қарамастан, бұл бағытта бізде он қадамдар жасалды. Кешеден бері қауіпсіздік шаралары тіпті күшейтілді.

Дұрыс. «Келсе де, келмесе де» дайын болайық.

Гүлнар АХМЕТОВА

Тақырыпқа орай

Коронавирус таралуының алдын алу шаралары

Сөзге 19 наурыздың 10-ындағы жаңалықтар

Бірінші санаттағы елдер:

1а - Қытай, Иран, Оңтүстік Корея

1. Бұл елдерден келгендер 14 күнге карантинге жіктелінеді. Карантин орнатылған кезде рұқсат етілмейді. Тексерулер, зертханалық тексерістер өтеді, дене қызуы өлшенеді. Карантинге жазылған адам режим бұзатын болса, өкімшілік жауапкершілік қарастырылған. Үкіметтік делегация мүшелері, қызметтік және дипломатиялық тәжірибелі, елге ұшақтары мен экипаж мүшелері, жүк тасымалдаушылар 14 күн бойы телефон арқылы медициналық бақылауға алынады.

16 - ҚХР Гонконг, АБА, ҚХР Макао, АБА, Тайвань (ҚХР), Жапония, Италия

1. Осы елдер мен аймақтардан келгендер 14 күн бойы үйге оқшауланады. Карантин орнатылған баруға тыйым салынады. Карантинге жазылған адам режим бұзатын болса, өкімшілік жауапкершілік қарастырылған.

Екінші санаттағы елдер:

Франция, Германия, Тайланд, Әзербайжан,

2. Осы елдерден келгендер 14 күн бойы телефон арқылы қауіпсіздік бақыланады. ҚР аумағында жүру қиыны қарастырылған. Карантин орнатылған баруға және байланысты шектеуге негіз берілмейді. Үкіметтік делегация мүшелері, қызметтік және дипломатиялық тәжірибелі, елге ұшақтары мен экипаж мүшелері, жүк тасымалдаушылар 14 күн бойы телефон арқылы медициналық бақылауға алынады.

Үшінші санаттағы елдер:

Браз, Испания, Малайзия, Ирак, Швейцария,

Ұлыбритания, Бахрейн, Кувейт, Сингапур, АҚШ.

Дереккөзі: ҚР Денсаулық сақтау министрлігі

© «Жаңа Қазақстан» газетінің материалдары, 2020 жыл

10.03.2020

Алаңжұрт

(Басы 1-бетте)

Азық-түлік демекші, Қытайдың Ухан қаласында аурумен күресіп жатқан дәрігерлерге Шыңжаңның Алтай аймағынан 3000 қорап шұбат ұнтағын жеткізген. Ал біз қымыз бен шұбаттың қаліріне жетпей жүрміз. Шұбатты айтамыз-ау, қытайлар аты жаман ауруды ауыздықтау үшін шөптен жасалған дәрі-дәрмек пайдаланған. Ал қазақ топырағында шөптің алуан түрі өседі. Тіпті, шекаралы аймақтардан қытайлар әртүрлі жолдармен қазақ жерінен шөп пен шөп тамырын теру үшін келіп, ұсталып жататынын ескерейік. Біз болсақ қолда барды ұқсата алмай отырмыз. Осы жағын ойланған жөн сияқты. Ойлану керек демекші, коронавирус есігімізді қағып тұрғанда ғана біз маска туралы ойлана бастадық. Бұдан бұрын маска шығарсақ қайда қалдық? Ойланатын мәселе көп...

Жас қазақ газеті бүкіл әлемді алаңдатқан коронавирус туралы

Ержан НҰРМҰХАНҰЛЫ:

«АЛЫПСАТАР, ПАЙДАНЫ ЕМЕС, ХАЛЫҚТЫ ОЙЛА!»



жариялаған алғашқы материалдардың бірінде Қытайдан келген, бүгінде Нұр-Сұлтан қаласында жеке медициналық орталық ашып, халықтың денсаулығы үшін жұмыс істеп жатқан шығыс медицинасының білікті дәрігері Ержан Нұрмұханұлынан сұхбат алған болатын. «Аурудың алдын алу үшін не істеу керек? Қытай коронавирустан қалай қорғанды?» деген сұрақтармен Ержан мырзаға тағы да хабарластық.

Жас қазақ: Ержан мырза, Қытай «Коронавирусты тізгіндедік» деп жатыр. Шынымен, тәж ажал ауыздықталды ма?

Е.Нұрмұханұлы: Тізгіндеді деп айтуға болады. Өйткені, ауру шыққан алғашқы айларда күніне екі мың адамға дейін вирус жұғатын. Өлгендер саны күніне 156 адамға дейін жеткенді. Ал қазір күніне 17 адамға ғана жұққан,

Q ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Конг СЯНФЭН, дәрігер:

«Мен бұрын кеңседе жұмыс істейтінмін. Қазір тұрғындарға азық-түлік сатып алуға, тамақ жеткізуге көмектесіп, арлы-берлі жүгіріп жүрмін. 25 күндік індетке қарсы күрестегі тәжірибемен сүйеніп айтарым, халық үшін аянбай тер төгудің не екенін енді түсінгендейміз. Бұған дейін бәріміз өзімізді болып кеткен едік. Осы ауру көп нәрсені ұқтырды».

өлгендердің саны да азайған, яғни 22 адамға дейін кеміпті. Демек, қытай ауруды тізгіндей алды. Қазір университеттерде оқу қайтадан қалпына келе бастады. Бірақ мектептерде сабақ әлі басталған жоқ.

Ал Қазақстанмен шекаралас Шыңжаңда бұл дертпен 76 адам ауырған болатын. Оның үшеуі өлді, 73-і толықтай емделіп ауруханадан шықты. Соңғы 20 күнде Шыңжаңда коронавирус жұқтырған немесе осы дертпен өлген бірде-бір адам тіркелмеген. Оны қытайлар «нөл» деп бағалап отыр. «Нөл» деген сөз ауру да, өлім-жітім де жоқ деген сөз.

Жас қазақ: Емделіп шықты деген адамның бойында шынымен коронавирусының жұрнағы қалмай ма? Әлде ол жағы анық емес пе?

Е.Нұрмұханұлы: Емделіп шыққан адамның бойында көп жағдайда бұл аурудың вирусы болмайды. 99 пайыз адам құлан-таза айығады. Ал 1 пайызы, оның ішінде қарттарда вирустың қайтадан қозуы сияқты жағдай тіркелген.

Мәселен, коронавируспен ауырып жазылған адамдардың арасында 14 күннен кейін қайталанғандар мен 62 күннен кейін қайтадан ауырған адам тіркеліпті. Бір қауіпті жағдай бар: аурудан жазылған адамдардың



Жас қазақ: Ал АҚШ пен Еуропада коронавирус туралы не айтып жатыр? Олардың тәжірибесі бойынша аурудың алдын алуға бола ма?

Е.Нұрмұханұлы: АҚШ пен Еуропа, Иран сияқты елдердің демократиялық мемлекет екенін ескеріңіз. Сондықтан, ол елдерге қытай тәжірибесі, қытайдың тәртібі жарамайды. АҚШ-та аурудың тез таралғаны содан. Қазірге дейін мың адамнан асып кетті. Италияда ауру жұқтырғандардың саны 10 мыңнан, өлгендер 390-нан асты. Иранда да жағдай өте қиын. Корея мен Жапонияда да ауру асқынып тұр.

Әдетте жұқпалы ауруды емдеудің бірнеше түрлі жолы бар. Бірінші, аурудың қайнар көзін табу. Екінші, аурудың таралу жолын кесу. Үшінші, ауруға бейім, қарсылық қуаты әлсіз қарттар мен дімкәс адамдарды, сәбилерді қорғау.

Жапония антивирус арқылы емдеп, өте жақсы нәтижеге жетіп отыр. Сосын оларда дәрі-дәрмек

бойындағы қалдық вирус еркектердің жыныстық мүшесіне барып орнайды екен. Яғни жыныстық жұмыртқа мен бүйрекке түсіп, еркектік қуатты азайтып, белсіздікке ұрындырады. Қайталанған жағдайдың тағы бір қауіптілігі сол — басқаларға өте тез жұғады.

Жас қазақ: Қытай ақпарат құралдары мен сайттары не деп жазып жатыр: жалпы бұл аурудан қалай сақтануға болады дейді? Таралып кетуінің қалай алдын алуға болады? Жұқтырған адамды қытайлар қалай емдеп жатыр? Ең өнімді емдеу шарасы туралы қытайдың дәрігер-санитар мамандары айтты ма?

Е.Нұрмұханұлы: Қытайда біздегідей жекеменшік сайт болмайды. Баспасөз толықтай мемлекет бақылауында. Сондықтан олардың сайтында мемлекеттің ғана пікірі жазылады. Ол жағы бәрімізге аян. Олардағы барлық БАҚ

Шинхуа агенттігінің таратқан ақпаратын ғана жариялайды. Ол агенттіктің таратқан мәліметін қарасаңыз, ауру тізгінделді, коронавирусты жеңдік деп айтып отыр. Аурудың қайталануы, қайталанса, бұдан да сорақы жағдай болуы мүмкін екен.

Сосын төрт маусымға немесе ауа райының ыстық-суығына қатысы жоқ дегенді айтуда.

Қытай сайттары ауру асқынған алғашқы күндері «Хуби өлкесі мен Ухан қаласында 60 миллион адамды үйінен шығармай, аурудың таралуын тежеп отырдық» — деп жазды.

Енді бұл аурудан қалай сақтануға болады? Қытай дәрігерлері мен санитарлық мамандардың айтуынша, вирус сәбилерге өте көп жұққан. Бірақ 20 жасқа дейінгі жасөспірімдерде кездеспепті. Қарттар мен денсаулығы нашар адамдар вирусқа қарсы күресе алмаған. Бұдан нені түсінуге болады? Дәрігер маман ретінде айтарым, иммунитеті күшті адамдарға вирус жұқпайды. Жұққан күннің өзінде ауруды жеңіп шығуға көп мүмкіндігі бар.

Қытай коронавирусты қалай емдеді? Олар ең алдымен вирусқа қарсы ине салған. Орысша айтқанда, «антивирустық уколдар» ғой. Одан бөлек, қытайдың дәстүрлі медицинасындағы шөп дәрілерді пайдаланды. Шөп дәрі арқылы алдымен адамның ауруға қарсылық қуатын арттырды. Содан кейін өкпедегі вирусты емдеді. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы қытай дәрігерлері қолданған ем-шараны мойындады, әрі растады. Сонымен бірге ауру таралған басқа елдерге де коронавируспен күресуде қытай тәжірибесін қолдануды айтып отыр.

жағы да жеткілікті. Сондықтан, олар үшін коронавируспен күресу аса қауіпті саналып отырған жоқ. Корея мен Жапонияның санитарлық қызметі де Қытайға қарағанда көш ілгері. Ал Америка алғашқы сәтте ауру бізге келмейді деп, уақытты өткізіп алды. Сондықтан, оларда аурудың таралуы өте тез болып отыр. Иранда да вирустың таралуының тез екенін білесіздер. Өйткені, Иранда Қытайдың инвесторлары өте көп. Мұнай компаниялары да көп. Қысқасы, екі елдің барыс-келіс қарым-қатынасы аурудың тез таралуына себеп болуда.

Жас қазақ: Қазақстанның жағдайында бұл дерттен қалай сақтануға болады? Дәріханаларда қазірдің өзінде маска аз. Медициналық құрал-жабдығымыз жеткілікті ме? Дәрігер мамандарымыздың біліктілігі қай деңгейде?

Е.Нұрмұханұлы: Қазақстан бұл аурудың алдын алу жағында барынша жақсы жұмыс жасап жатыр. Бас санитар мен денсаулық сақтау министрі халыққа дер уақытында мәлімдеме жасап, журналистердің сұрағына жауап беріп, жалған ақпараттың алдын алуда. Дәріханаларда бетперденің жоктығына келсек, ел айтып жатқандай құрып қалған ешнәрсе жоқ. Нұр-Сұлтан қаласында тұрамын. Мамандығым дәрігер болғандықтан, өзім тұратын аудандағы дәріханаларды күнде аралап тұрамын. Маска жоқ деген жалған сөз. Бірақ қымбатқа сатып жатыр. Бағаға жауап беретін мекемелер сол жағын реттесе екен дейсін. Алыпсатарлар мұндайда пайданы емес, халықты ойлағаны дұрыс.

Қазақта «Жаман айтпай жақсы жоқ», «Құдай бетін аулақ қылыс» деген сияқты тыйымдар бар. Егер бұл ауру біздің елде тіркелсе, Қытайдағыдай немесе Иран мен Кореядағыдай тез тарала қоймайды. Өйткені, Қазақстанда халық жиі қоныстанбаған. Ең көп қоныстанған Алматының өзінде 2 миллион ғана тұрғын бар. Ауыл мен аудандардың арасы алшақ дегенді. Содан кейін, біздің қазақтың тамақтану мәдениеті де басқа елдерге ұқсамайды. Жылқы етін жейміз, қымыз, шұбат, қойдың сорпасын ішеміз. Осының бәрі вирусқа қарсы иммунитетімізді күшейтеді. Дегенмен, қамсыз қарап отыруға болмайды. Жеке тазалық, қоғамдық орындардағы тазалықты сақтаған абзал. Сосын, батыр Бауыржан атамыз айтқандай «Тәртіпке бағынған құл болмайды». Миллиард қытай тәртіпке бағынды: үйде отыр деді — отырды. Президентіміз той-томалақты азайту керек деді ме? Онда той жасама. Тіпті қажет болса, қазақша қыдырғанды, көшеде бей-берекет жүргенді қою керек.

QOĞAM 

E-mail: jasqazaq2019@mail.ru

www.jasqazaq.kz

Сәті түскен сұхбат

Масаншы оқиғасы көп түйткілдің бетін ашып тастағандай. Мәселен, бұл жағдай жер-жердегі жемқорлық пен құқықтық нигилизмнің салдарын айғақтады. Мемлекеттік тілдің біріктіруші қызметін мансұқтау, өзге құндылықтарды елемейшілік туралы да сөз болуда. Жерге, мемлекеттік тілге құрмет қандай болуы тиіс? Біз осы мәселелер төңірегінде Мәжіліс депутаты Дархан МЫҢБАЙДАН сұрап көрдік.

Жас қазақ: Дархан мырза, сіз үш-төрт жыл бұрын Қазақстан Халқы ассамблеясының хатшысы болып, түрлі ұлт өкілдерімен тікелей жұмыс істедіңіз. Жалпы этносаралық саясатты жақсы білетін маман болғандықтан, Қордайдағы жағдайға байланысты бір-екі сұрағымыз бар еді. Осы жолғы қактығыс жалаң ұран, көзбояушылықтың алысқа бармайтынын көрсеткендей. Дәл осындай келенсіздік тағы да қайталанбауы үшін біз не істеуіміз керек?

Д.МЫҢБАЙ: Соңғы кездері басылымдарда, басқа да ақпарат арналарында ашық пікірлер айтыла бастады. Менінше, оның, әдеттегідей, екі жағы бар. Тіпті жекелеген сарапшылар бар дүниені, қол жеткен нәтижені жоққа шығаруға тырысты. Мәселенің мәнін түсінбей жатып, бояуын қалыңдатып жағып жібергендер де абырой таппады. Дегенмен, мұның бәрі айтылуға тиісті нәрсе. “Ел -елек” дегендей, елдің назарына дұрыс пікірлер ғана ілігеді.

Мысалы, Ресейде тұратындар орыс тілін білуге міндетті. Ол өте дұрыс. Біз Ресейден осыны неге үйренбейміз? Қазақстанның

Дархан МЫҢБАЙ:

ОРТАҚ МҮДДЕ БОЛУ КЕРЕК



мемлекеттік тілі, тіл туралы заны бар. Алайда сол заңға құрметсіздік басым. Мемлекеттік тілді кез келген адам білуі керек! Тіпті, дамыған Францияға барып французша сөйлемесең, сен адам емессің, ешкім сенімен сөйлеспейді. Бәріміздің шынайы демократиялық мемлекет құрғымыз келеді. Бүкіл әлем сол жолды таңдап отыр. Ол жай ғана сөз емес, демократия деген жауапкершілік.

Кез келген қылмысты «этникалық сипат алып кетеді» деп қауіптенуге болмайды. Қазір жұрттың бәрі сауатты. Арандатудың немесе айдап салудың не екенін біледі. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы Қазақстан емес қазір. Ресей федеративтік мемлекет. Ал біз унитарлық мемлекетпіз. Оның үстіне бізде барлық этностарға өз тілі мен мәдениетін дамытуға жағдай жасалған. Ал мемлекеттік тілді қоғам қажет етіп, неғұрлым тезірек менгерсе, соғұрлым мақсатымыз да, мүддеміз де, болашағымыз да ортақ болатыны даусыз. Елімізде осы жолмен көп жетістікке жеткен этностар баршылық. Бірлікке сүбелі үлесін қосып сол бауырлар өзгелерге өнеге көрсетіп, даудың алдын алуда да дәйекті болса келесі жағдай болмайды. Мәселен, Елбасымыз «Көпұлттылық біздің кемшілігіміз емес, артықшылығымыз» - деп айтқан. Алайда этнос ұйымдарының жекелеген жетекшілері мұның байыбына барып, бағалап, өз орталарында түсіндіруі кемшін болып жатады. Қоғамда кездесетін кез келген мәселені шешу үшін тек заң керек деп отырсақ, алысқа ұзамаймыз. Сонда туған жерінді, ата-ананды сүю үшін, достығынды берік ету үшін де арнайы заң керек пе? Біздіңше, қоғамдық, ұлттық сана мемлекеттік санамен қабысып жатса, ондай жөнсіз әңгімеге де орын қалмас еді. Жалпы, елімізде этносаралық мәселелерге қатысты Конституциямыздан бастап 13 заң бар. Бәріміз Қазақстан азаматы болғаннан кейін, құқығымыз тен. Барлық адамға талап та, міндет те бірдей болу керек. Сонда ғана нағыз демократиялық ел боламыз деп ойлаймыз.

Тағы бір айтып кететін мәселе: Президентіміз К.Токаев «Қазақстанда тұратын этностар өз тілдерін оқып қолдануға, мәдениетін дамытып, әдеп-ғұрпын сақтауға құқығы бар. Солай болып қала береді. Бұған қоса, қазақ тілі әлі де жедел даму қажет» - деді.

Болашақта оны шын мәнінде ұлтаралық байланыс тіліне айналдыруға қоғамның өзі мұқтаж болады. Тездету үшін сөзден гөрі жүйелі білім, тыңғылықты жұмыс қажет. Бұл баршаға, соның ішінде этнос ұйымдарына да байланысты. Ал Қордай оқиғасы сияқты келесінді жағдай қайталанбауы үшін не істеу керек? Ол жөнінде жергілікті атқарушы биліктің тиісті жоспары бар болса керек. Басқа халықпен араласу үшін, оқшауланып, томаға тұйықтанбау үшін тек қаражат керек десек қателесеміз. Болашағымыздың бір екендігіне сенім керек. Жергілікті мемлекеттік мекемелер сол шаруамен айналысу керек. Балабақша, мектеп міндетті түрде мемлекеттік тілде оқыту керек. Мұны ашық айтатын кезең келді, оны басқа этнос өкілдері де дұрыс түсінеді деп ойлаймыз. Көп жұрт мұны дүнгендер мен казактардың арасындағы мәселе деп қарайды. Олай емес. Неге бұл мәселе украиндардың, немистердің, болмаса әзірбайжандардың мәселесі болмауы керек? Осы елде тұрып жатқандықтан, бұл ортақ мәселе. Өйткені, бетін аулақ қылыс, Қазақстанға жаманат келген кезде қандай этнос өкілі болса да, бірге жауап беруі керек. Оған қазақ ғана жауап беріп, дәлелдеуге міндетті емес. Жақсылықта да, жамандықта да бірге болу керек.

Жас қазақ: Тілдің ғана емес, мемлекеттік мүдденің ортақтығы керек дегеніңіз, шынымен жұрттың көңіліне қонады.

Д.МЫҢБАЙ: Баяғыда Шераған (*Шерхан Муртаза*) айтатын бір әңгіме бар еді. Біреудің үйі өртеніп жатса, көршісі қойдың басын үйітіп отыр екен дейтін. Тура сондай жат пығыл болмау керек. Білім беру мекемелерінде мемлекеттің саясаты толықтай жүруі керек. Ортақ ереже ұстануымыз керек.

Ортақ мемлекетіміз Қазақстанды сүю деген — бір-біріміздің мәдениетімізді білу, мемлекеттік тілді, осы елдің тарихын, елі мен жерін білу деген сөз. Екіншілен, әдеп-ғұрпын, салт-дәстүрін, дін мен ділін сыйлау деген сөз. Бірде Германиядан келген этносаралық «Біз босқындардың көп келуіне байланысты қасиетті Құран туралы оқып-танысуға мәжбүр болдық. Полициейіміз исламның не екенін білуі керек болды» - деп еді. Міне, қараңыз! Германия босқындардың ділін құрметтеп отыр. Ал Қазақстан деген қанша этностардың жұртына Отан болып отырған қасиетті ел ғой. Ендеше неге басқа этнос өкілдері мемлекеттік тілді білмеуі керек? Неге сол елдің тілінде сөйлемейді? Бұл да ойланатын мәселе. Қазақстан басқа этностардың тілін, мәдениетін дамытуға тыйым салып отырған жоқ қой. Мемлекеттік тілді білетін кісілер Ассамблеяның жиынында ғана қазақша сайрайды. Басқа жерде мүлде басқа адам сияқты. Менінше, олай болмауы керек. Бұл мемлекеттік тілге құрметсіздік болып табылады. Тілді, елді құрметтеу сахнада, жұрттың көз алдында ғана қойылатын көзбояушылық емес.

Бетті дайындаған Жарас КЕМЕЛЖАН



ЕНДІ «АЛДЫМЕН ЭКОНОМИКА» ДЕЙМІЗ БЕ?

Мұнай бағасындағы тұрақсыздық ең алдымен қазба байлықтың тілеуін тілейтін

Қиын түйін

(Басы 1-бетте)

Осы екі ел Австрия астанасында ОПЕК атынан сөйлейтін Сауд Арабиясының күнделікті өндіріс көлемін 1-1,5 млн баррельге азайту жөніндегі ұсынысын қолдамалы. Ресеймен біртұтас экономикалық одақта әрі шетке жөнелтетін мұнайының дені орыс жері арқылы өтетін Қазақ елінің бұл жерде ынтымақтастық танытып, көршісіне қолдау көрсеткені белгілі. Оның үстіне, еліміздің әлемдік мұнай нарығындағы үлесі де тым көп емес. Ал Мәскеу «brinksmanship» (*жартастың жиегімен жүру*) тәсілін елестетін көзсіз тәуекелге неге барды? Көзсіз дейтініміз, бұл тәуекел өзімен бірге кесапатын қоса әкелді. Жексенбі күні ресми Әр Рияд өндіріс көлемін арттырып, Азия, Еуропа және Америкаға «қара алтынды» 6-8 пайыз арзанға сататынын мәлімдеді. Сол-ақ екен, мұнай бағасы төмен құділады. Іле-шала рубль арзандап, доллар мен еуроға шаққанда бағамы 75 пен 85-ке дейін арзандады. Бұған қоса, халықаралық биржаларда Ресейдің «Новатэк», «Лукойл», «Роснефть», Сбербанк сияқты аса ірі компанияларына тиесілі акциялар құнын жоғалтты. Демалыс күні болса да, Ресей Банкі мәлімдеме жасап, 30 күн бойы ішкі нарықта валюта сатып алмайтынын хабарлады.

LLP <GO> to Open in Launchpad										World Equity Indices			
News ▾ Settings										News ▾ Settings			
Americas ▾										Americas ▾			
	Movers	Volatility	Ratios	Futures	Δ AVAT	10D	Δ Chg YTD	EUR					
1) Americas	2Day	Value	Net Chg	%Chg	Δ AVAT	Time	Adv/Dcl	%Ytd	%YtdCur				
10 DOW JONES		23883.68	-1981.10	-7.66%	-31.10%	09:52	0/26	-16.31%	-17.80%				
12 S&P 500		2758.30	-214.07	-7.20%	-37.89%	09:52	2/413	-14.62%	-16.15%				
13 NASDAQ		7974.30	-601.32	-7.01%	-32.17%	09:52	83/2355	-11.13%	-12.71%				
14 S&P/TSX Comp		14608.24	-1566.78	-9.69%	-4.68%	09:52	0/228	-14.39%	-19.60%				
19 S&P/BMV IPC		39131.92	-2256.86	-5.45%	-6.52%	09:52	0/35	-10.13%	-21.43%				
16 IBOVESPA		88178.33 d	-9818.45	-10.02%	+11.09%	09:31	0/73	-23.75%	-36.93%				
17 CHILE SLCT		4052.30 d	-177.16	-4.19%		09:32	0/28	-13.22%	-23.87%				
18 Colom COLCAP		1452.38 d	-50.46	-3.36%		09:31	0/20	-12.63%	-26.41%				
19 ARG Merval		35222.43 d	-1549.77	-4.21%	+6.75%	03/06 c		-15.48%	-20.39%				
20 S&P/BVL Peru		18312.01 d	+26.07	+0.14%	-33.33%	09:31	0/2	-10.79%	-16.39%				
2) EMEA													
20 Euro Stoxx 50		2964.00	-268.07	-8.29%	+75.48%	09:52	0/50	-20.86%	-20.86%				
22 FTSE 100		5929.50	-533.05	-8.25%	+105.03%	09:52	0/100	-21.38%	-23.65%				
23 CAC 40		4728.57	-410.54	-7.99%	+82.96%	09:52	0/40	-20.90%	-20.90%				
24 DAX		10634.25	-907.62	-7.86%	+78.26%	09:52	0/30	-19.74%	-19.74%				
3) Asia/Pacific													
30 NIKKEI		19698.76	-1050.99	-5.07%	+63.25%	02:15 c	4/221	-16.73%	-13.05%				
32 HANG SENG		25040.46	-1106.21	-4.23%	+105.41%	04:08 c	0/50	-11.17%	-12.53%				
33 CSI 300		3997.13	-141.37	-3.42%	-3.44%	03:00 c	21/278	-2.43%	-3.96%				
34 S&P/ASX 200		5760.56	-455.65	-7.33%	+37.38%	03:28 c	3/197	-13.82%	-20.04%				

аңғару қиын емес. Нью-Йорк биржасында Occidental, Apache және Devon Energy секілді «қара алтын» өндірушілердің активі бір күнде 41 пайызға дейін арзандауы осыған дәлел.

Бәзбір сарапшылар мұнайдың арзандауын алдағы карашала Америкада өтетін президент сайлауымен байланыстырады. Олардың жорамалына сенсек, бұған дейін әр төрт жыл сайын баға құлдырап отырған. Дауыс беруші, яғни тұтынушы арзан жанар-

Қазақстан сияқты елдерге жайсыз. Ұлттық ақшаның салмағы жеңілдеп, инфляция, яғни қымбатшылық құтырып шыға келеді. Бір қызығы, «қара алтын» қымбаттаса да, арзандаса да, біздің теңгенің халі үнемі мүшкіл. Осы парадоксты Ұлттық банк те, отандық экономистер де түсіндіре алмай-ақ қойды. Әйтеуір кілтипанның біреуі валюта саудагерлеріне кеп тірелетіні белгілі. Әр девальвация болған сайын солардың қанжығасы майланады. Бұл жолы да солай. Демалыс күні Қазақстан

«ҚАРА ДҮЙСЕНЫ»



Әлгі сауалдың жауабына келсек. Мамандар бір ауыздан Сауд Арабиясы, Ресей және АҚШ арасында «қара алтын» нарығы үшін ымырасыз текетіретің басталғанын айтады. Бәсекелесін көмірсутегі кеністігінен шеттету секілді әрекет бұрынан бар. Американдықтар өткен жылдың соңына таман Ресейден Еуропаға «көгілдір отын» жеткізуді көздейтін «Солтүстік ағын» (*North Stream*) жобасына санкция жариялады. Құрылыстың аяқталуына небәрі 100 шақырымдай қалғанда құбыр төсел жатқан швейцариялық компания басын ала қашты. Миллиардтаған қаржы жұмсалған жоба осылайша әзірге аяқталмай тұр. Мәскеу мұнымен қабат, Кара теңіз арқылы «Түрік ағыны» жобасын қолға алып еді. Түріктер сөзінде тұрды. Әрқайсысы 15 млрд текше метр газ тасымалдауға арналған қос құбыр желісі іске қосылды. Жуырда Сириядағы қактығысты тоқтату жөнінде Р.Т.Ердуанмен кездескен В. Путиннің Түркиямен экономикалық қарым-қатынасты қатты қадірлейтінін тілге тиек етуі бекер емес.

АҚШ билігі өз компанияларын қолдау мақсатымен біраздан бері еуропалықтарды сұйытылған газ алуға үгіттеп жүр. Польша мен кейбір Балтық елдері біртіндеп орыс газынан бас тартып, американдық отынға біртіндеп көшіп жатқан жайы бар. Байырғы әрі тұрақты тапсырыс берушілерден айырылу ресейлік компанияларды алаңдатып қоймайды. Ақ үй жакында «Роснефть» компаниясымен байланысы бар деген уәжбен Венесуэлаға кезекті санкция жариялады. Мұның жоғары технологияны пайдалану арқылы тақтатас (сланец) газы мен мұнайын өндіруді жолға қойған американдық компанияларды қолдау мақсатынан туындағаны мәлім. Кара май шығарудың әзірге өзгеде жоқ осы әдістің арқасында АҚШ өткен аптада 13,1 млн баррельмен әлемде мұнайды ең көп өндіретін елге айналды. Дейтұрғанмен, тақтатас майының осал тұсы да бар. Өнімнің өзіндік құны 55 доллар шамасында. Жексенбі күні Солтүстік Америкадағы WTI маркалы мұнайдың 28 долларға дейін құлдырғанын ескерсек, әлгі компаниялардың шығынға батқанын

жағармайды қамтамасыз еткен үміткерді көбірек қолдайды. Ал үміткерге сайлау науқаны алдында бизнестің емес, қалың көпшіліктің ұстанымы қымбат. Бұл пікірді Трамптың Твиттердегі жазуы да қуаттай түседі. Ол биржадағы «бұрқасыннан» соң іле-шала «Бұл - тұтынушы үшін жақсы хабар. Бензин бағасы арзандайды» деді.

Демек, сұраныс азайған тұста өндіріс көлемін азайтпау ең алдымен шығыны көптерге зиян. Мәскеу мен Әр Риядтың соңғы шешімі осындай есептен туындаған болуы әбден мүмкін. Өйткені, Ресейде бір бөшке (баррель) кара майдың өзіндік құны 25 доллар шамасында деп айтылады. Ал бюджеттің кірісі 42 доллар деп есептелген. Осы көрсеткіштен төмендесе, қазынаға қаржы құйылмайды деген сөз. Ал араб құмында, тіпті арзан — 9 долларға жетеқабыл. Дегенмен, қазынаға түсетін қаржының 90 пайызын осы мұнай қамтамасыз ететінін ескерсек, бұл елге бағаның жоғары болғаны мейлінше тиімді. Саудиялықтар «қара алтын» нарығындағы жетекші орынды ешкімге бергісі жоқ. Сейсенбі күні ұлттық Saudi Agatco компаниясының басшысы Әмин Насыр 1 сәуірден бастап тәулігіне 12,3 млн баррель мұнайды ішкі және сырттағы тұтынушыларына жөнелтетіндіктерін мәлімдеді. Атап өткен жөн, бұл компанияның бұған дейінгі көрсеткішінен 300 мың баррельге артық. Осыдан-ақ аса ірі өндірушілер арасындағы текетірес әлі жалғаса беретінін көреміз. Егер Мәскеу мен Әр Рияд өзара мәмілеге келіп, өндіріс көлемін азайтпаса. Американдық бұрынғы дипломат, энергетика маманы Меттиу Брыза бұл бағытта алғашқы қадам Ресей тарапынан жасалады деген пікірде.

кор биржасында сауда-саттық жасалған жоқ. Ұлттық банк те жұмыс істемеді. Соған қарамастан, ақша айырбастайтын орындар 1 долларды 400 теңгеге сатып жатты. Оларға лицензия беретін, қызметін қадағалайтын, заңды бұзса, жауапқа тартатын құзырлы орындар әдеттегідей үнсіз.

Қалай болғанда да, мұнай дағдарысы біздің тағы да дайындықсыз екенімізді көрсетті. Қазынаның қаржысымен өмір сүретін экономикалық зерттеу институттары мен қаптаған аналитика орталықтары әлемдік мұнай нарығында толастамайтын текетірес төңірегінде алдын ала болжам жасап, үкіметті, қаржы секторын ескертпеді.

Ұсақ-түйектен бастап, тұтыну тауарларының денін сырттан таситын Қазақстанда экономиканы әртараптандыру (*диверсификация*) қажеттігі осы біраз жыл бұрын мемлекеттің маңызды мұраты деп белгіленді. «Қазақстандық мазмұн» деген әлемі атаумен термин де пайда болды. Бірақ осал тұсымыз — бастаған істі аяғына дейін жеткізбеуімізде. Ал кейінгі кезде әлеуметтік желі қалыптастырған қоғамдық пікірдің ықпалымен экономика тасада қалғандай. Биік мінберден шикізатқа иек артпау, отандық өнімге бет буру, кез келген мықты мемлекеттің арқа тірегі —

орта дәулеттілер шоғырын көбейту керектігі сирек айтылады. Сәрсенбі күні мұнай бағасы шамалы болса да қымбаттады. Бұған қоса, Қытай коронавирусты ауыздықтап, «қара алтын» сұранысын арттыруы мүмкін деген жылы хабар жетті. Жұрттың көңілі аздап жайланғандай. Тек енді осы қарқынмен шикізатқа иек артпау қажеттігін ұмытып кетпесек игі.

Срайыл СМАЙЫЛ, шолушы

Кәсібің – нәсібің

Алматы облысында шағын және орта бизнесті өркендету, кәсіпкерлерді шағын несиімен қамтамасыз ету, іске асырылып

жатқан жобаларды қолдау, кәсіпкерлікті дамытуға бағытталған шараларды жүзеге асыру ісі қарқынды дамып келеді. Қабылданған шаралардың арқасында өткен жылдың қорытындысына сәйкес, облыстың жалпы өңірлік өнім көлемі 3 трлн теңгеден асқан, бұл ретте шағын және орта бизнестің үлесі 32 пайызды құрады.

КӘСІПКЕРЛЕРДІ ҚОЛДАУ ЖАЛҒАСАДЫ

Экономиканы ілгерілетіп, кәсіпкерлікті қолдау бойынша қажетті, жеңілдікпен несие беру, қаражат бөлу сияқты жұмыстарды жандандыруға күш салуда. «Бизнестің жол картасы — 2020», «Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған «Еңбек», «Қарапайым заттар экономикасы», «Жетісу» аймақтық бағдарламалары аясында жүріп жатқан жұмыстар да шағын және орта бизнесті дамытуға көп көмектесуде.

Кәсіпкерлерге жасалған көмектің арқасында талай адам өзінің бизнесін ашып, жерлерстерін жұмыспен қамтып қалмастан, өздерінің кірісін



де еселей түсті. Айталық, Қаратал ауданы Үштөбе қаласында тұратын Антон Цой Қаратал өзені жағасынан бес мың шаршы метр жер телімін сатып алып, демалыс аймағының құрылысын бастады. Сөйтіп, 2014 жылы демалыс аймағын ашты. Кейіннен кәсіпкер демалыс аймағын жаңартып, кеңейтуді көздейді.

Кәсіпкер Антон Цой: «Бизнестің жол картасы — 2020» бірыңғай бағдарламасы бойынша Forte Bank акционерлік қоғамынан несие алып, «Даму» қоры бізге банк алдындағы кепілдікпен көмек көрсетті. Біз осы бойынша несие алдық. Сол қаражатқа жөндеу жұмыстарын жүргізіп, демалыс аймағын көркейтеміз», — дейді.

«Бизнестің жол картасы — 2020» бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы аясында 1,5 миллион теңге көлеміндегі мемлекеттік грантты ұтып алған Наталья Рыбенко бүгінде шағын кәсібін ашып, ісін дөңгелетіп отыр. Жеке кәсіпкер алдымен екі күндік «Бизнес кеңесші» онлайн курсынан өтіп, кейіннен комиссия алдында балалар текстилі жобасын сәтті қорғап шықты.

Міне, осындай кәсіпкерлердің жұмысын өркендету үшін, олардың қолға алмақшы болған бизнес жобаларды жүзеге асыруға «Атамекен» кәсіпкерлер палатасы жан-жақты қолдау көрсетуде. Мамандар тегін кеңес беріп, түйткілді мәселелерді де бірлесіп шешуде.

Шағын болса да өз кәсібін дөңгелетіп, нәпакасын тауып отырған жандар қатары күннен-күнге артып келеді. Солардың қатарында Талдықорған қаласының тұрғыны Мәди Есепбетов те бар. Ол 2018 жылы өзінің жиһаз шеберханасын ашқан.

Жиһаз шебері Мәди Серікұлы: «Кәсібімді алға қарай дөңгелетіп, жиһазға сұранысты көбейту үшін қаражатты үнемдеу керек болды. Өйткені, ешқандай ұсыныс түспей, ісім ілгері баспай қойды. Тіпті қолымды бір сілтеп, бастағанымды тастап кетсем бе деп ойландым. Десе де, өзімді қамшылап, тауарымды жарнамалай бастадым. Нәтижесінде біраз уақыт өткен соң мейрамхана, кафе, жеке адамдардан тапсырыс түсе бастады. Сөйтіп, кәсібім ақырындап алға басты», — деп өзінің тәжірибесімен бөлісті.

Бүгінде «Талдықорған Мебель» атымен көпшілікке таныс цех ірі компаниялармен келісімшарт жасасқан. Жылдық табысы 1 млн теңге болатын кәсіпкер 10 адамды жұмыспен қамтып отыр.

Облыстық кәсіпкерлер палатасының сарапшысы Бақытгүл Қойшыбаева: «Қазіргі кезде аймақта шағын және орта бизнеспен айналысушылардың саны 122 мыңнан асты. Оның 64 мыңнан астамы жеке кәсіпкерлер. «Бизнестің жол картасы — 2020» бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы аясында облыста өткен жылы 242 қатысушы жоба тапсырып, оның 88 қатысушысы 141 миллион теңге көлемінде грант ұтып алды. Өткен жылдың қорытындысына сәйкес облыста шағын және орта бизнес субъектілерінің салық түсімі 1,3 есеге өсіп, 113 млрд теңгені құрды. Облыс кәсіпкерлері 11,8 млрд теңгеге мемлекеттік қолдауға ие болды. Осындай еңбектің нәтижесінде, өңірлік өнімдегі шағын және орта бизнестің үлесі 32 пайызға дейін жеткізілді», — дейді.

Айта кетейік, «Бизнестің жол картасы — 2020» бағдарламасы енді «Бизнестің жол картасы — 2025» деп аталатын болады. Быылғы жылы кәсіпкерлерге қолдау көрсету бағытында облыс әкімдігі тарапынан 500 млн теңге бөлінетіні де мәлім болды. Бұл қаражат көптеген жобаны жүзеге асыруға септігін тигізбек. Демек, бұл игілік әлі талай кәсіпкердің жолын ашады.

Қажет АНДАС, Алматы облысы бойынша меншікті тілші

Дін – діңгек

Атырауда «Шапағат» деп аталатын, деструктивті діни ағымдардан жапа шеккендерге көмек көрсететін орталық бар. Бұл қоғамдық қор Атырау қаласындағы «Дина» сауда үйінде орналасқан. Оңалту бөлімінің ғимаратында қақтығыс аймағынан оралған әйелдермен аптасына екі рет теологиялық дәріс өтеді. Былтыр барлығы 34 мәрте теологиялық дәріс, 50 мәрте жеке кездесу өткен. Орталықта өтетін дәріс пен әртүрлі іс-шараға 14 әйел тұрақты түрде қатысып жүр.

2019 жылы «Шапағат» деструктивті діни ағымдардан жапа шеккендерге көмек орталығы» қоғамдық қоры жүргізген жеке оңалту жұмыстарының нәтижесінде 112 адам дәстүрлі бағытқа қайтқан. 2020 жылдан бастап жазасын өтеушілермен арада 56 рет, облыс тұрғындарымен арада 121 рет жеке оңалту жұмыстары жүргізіліпті. Ал біз өз тарапымыздан осы орталықтың теолог маманынан сұхбат алғанды жөн көрдік.

Жас qazaq: Ислам – жұмсақтықтың, ізгіліктің діні. Бірақ, дінді жамылып, қолдан қиындық жасап жүрген өзіміз. Атырау жұртшылығына діни ілімді таратуда жалпымен бірге, жеке кездесулерді де жиі жасап жүрсіз. Сұхбатты көпшілікке сабақ болатын бір оқиғадан бастасак.

М.Омаров: Бір жыл жеті ай уақыттан бері менен бизнесмен жігіт сабақ алып жүр. Оның басынан өткен жағдай көпке сабақ болуы тиіс. Есімін атамай-ақ қояйын. Бұл кейіпкер Атыраудың тумасы. Негізгі кәсібін базардан бастаған. Алматы арқылы тауар тасымалдап жүреді. Тауарды белгілі бір нүктеден алады ғой. Уақыт өте келе, тауар жеткізуші жігіттер мұны дінге бет бұруға

Мұхиддин ОМАРОВ,
«Шапағат» деструктивті діни ағымдардан жапа шеккендерге көмек көрсету орталығының теологы:



Ең алдымен, ислам — өркениеттің діні. Исламды меңгерудің де өзіндік талаптары бар. Мәселен, бір адамды ұстаз деп айту үшін, әуелі ол адамнан сабақ алып және ол білімді қорғай алу керек. Шәкірт ұстазбен ұдайы жүзбе-жүз кездесіп, ілім алуы тиіс.

ИНТЕРНЕТ – БІЛІМ КӨЗІ БОЛА АЛМАЙДЫ



үгіттей бастайды. Жұмақ өмірдің мәні, дін туралы уағыз айтып, бұған кейін түрлі аудио, бейнежазба жібере бастайды. Осылайша, аз уақыттың ішінде бұл жігіт телефон арқылы дін үйренуші болып шыға келеді.

Бұл жігіттің бір басындағы жағдай тұтас отбасына әсер ете бастайды. Ата-анасымен, жұбайымен, достарымен қарым-қатынасы бұзылып, бұл шынайы жұмақты іздей бастайды. Осы жерде Алматыдағы таныстары шынайы жұмақтың Сирияда екендігін айтып, мұны ислам мемлекетін құруға атсалысуға үгіттейді.

Бес уақыт намазы бар, бірақ жүрегіңде иманы жоқ, мешітті мойындамайтын жігітіміз енді бар кәсібін сатып, Сирияға жасырын аттанудың жолын іздестіре бастайды. Осылай ізденісте жүрген күндердің бірінде мұның телефонына ватсап желісі арқылы, бір видео келіп түседі. Ресейге қарасты Татарстан жерінде түсірілген әлгі видеода ата-ананың кәдірі, оларды кәпір деп атаудың

үлкен күнә екендігі айтылған. «Сол сәтте санама әлдебір сигнал келгендей болды. Осы мен дұрыс істеп жүрмін бе? Менің ата-анам намаз оқымайды, мен оларды «кәпір» деп, тіпті араласпай жүрмін ғой» делім өз-өзіме. Бірақ сонда да мән-жайды мешітке барып сұрағым келмеді. Менің санамда «мешіт имамдары адасқан» деген түсінік әбден сіңіп қалған еді. Сөйтіп, базарда саудамен айналысатын намазхан жігіттерді сөзге тарттым. Оларға әлгі видеоны көрсетіп, мән-жайды

анықтағым келді» деген еді, әлі күнге дейін сол күндерді өкінішпен еске алатын кейіпкеріміз.

Бұл адамның бағыттан адасқанын түсінген базардағы жігіттер маған телефон шалды. Кателеспесем, сағат сол кезде таңғы үштің шамасы. Қолайсыз уақыт болса да, жағдайды естіген соң, шақырған жерге бардым. Сол бес сағаттың ішінде оның көкейінде жүрген көптеген сұраққа жауап беруге тырыстым. Сол күннен кейін бұл жігіттің өмірі түбегейлі өзгерді. Ата-анасы да жадырап, тату-тәтті шаңырақтың астында үш перзент өсіп жатыр.

Жас qazaq: Жалпы, бұл оқиға нені білдіреді?

М.Омаров: Интернет ешуақытта білім көзі бола алмайды. Оның үстіне, кез келген адамның уағызын интернет арқылы тыңдап, оны ұстазға тенеу де барып тұрған қараңғылық.

Мұндай кездесу ұстаз бен шәкірттің арасында ізетті қарым-қатынастың қалыптасуына әсер етеді.

Ал телефонда отырып алып, жердің қай шетінде екені белгісіз біреуден интернет арқылы уағыз тыңдау — адасушылыққа алып барады.

Жас qazaq: Жат идеологияны насихаттаушылар тактикасының құпиясы неде?

М.Омаров: Жат ағым уағызшылары қазіргі уақытта адамның эмоциясын билеуді жақсы меңгеріп тұр. Яғни олардың уағызы бірден жарылыс жасап, бас жарып, көз шығаруға шақырмайды. Ұзақ жылғы тәжірибеміз олардың уағыз айтуының өзі жан-жақты сарапталған схемадан тұратындығын көрсетіп отыр. Яғни бастапқыда олар адамға ақырет, жұмақ туралы айтып, оның эмоциясын туғызды. Кейін ілімді белгілі бір адамдардан есту арқылы жинақтаған субъектке шаһидтік, соғысу сияқты тақырыптағы уағыз кедергісіз әсер ете алады.

Жас qazaq: Атырауда қазір діни ахуал тұрақты деп жатырмыз. Десе де, жағдайға нақты баға бере аласыз ба?

М.Омаров: Атырау өңірінде біраз уақыттан бері жұмыс істеп келе жатқан дін маманы ретінде айтарлықтай азайып келеді. Керісінше, жастардың 80 пайызға жуығы білімді мешіттердегі ұстаздардан алатын жағдайға жеттік. Бұл — уақытпен санаспай бірлесе атқарылған жұмыстың нәтижесі.

Баян ЖАНУЗАҚОВА,
Атырау облысы

TIRSHILIK



E-mail: jasqazaq2019@mail.ru

www.jasqazaq.kz



Еліміздегі еріктілер қозғалысы дамуың жаңа кезеңіне түсті. Биылғы жыл елде Еріктілер жылы деп жарияланып, республика көлемінде еріктілердің тобы белсенді жұмыстарын бастады. Осындай белсенді ұжымның бірі – «Еріктілер лигасы» қоғамдық қоры. Біз қор жетекшісі Айсұлу Ерниязовамен әңгімелесіп, ұйымның алдағы күнге жоспарымен таныстық.

Жас qazaq: «Еріктілер лигасы» қашан, қалай құрылды? Лиганы құрудағы мақсатыңыз жайлы айтып берсеңіз?

А.Ерниязова: Мен Әл Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің журналистика факультетін тәмамдадым. Студент кезімнен бастап өте белсенді болдым. Қоғамдық шараның барлығына қатысатынмын. Ең алғашқы жобаны 21 жасымда қолға алдым. Университеттегі 20 белсенді студентті жинап ең алғашқы рет еріктілер қызметін бастадық. Бұл біз үшін үлкен тәжірибе болды. Жастар ұйымының университетке тиесілі екенін білеміз. Ал бізге бүкіл қала бойынша да жобаны жүргізу қажет болды. Осылайша, 2013 жылы «Еріктілер лигасы» құрылды. Ал 2014 жылы қоғамдық қор ретінде ресми тіркелдік. 2016 жылы «Еріктілер лигасы» Алматы қаласының 1000 жылдық мерейтойына орай «Мың қайырымды іс» жобасын ұйымдастырдық. Бүкіл жауапкершілікті мемлекетке арта бермеуді түсіну маңызды. Біз азаматтық қоғамның мүшелеріміз. Үкіметтік емес ұйымдар, бизнесмендер, мұқтаж адамдар бар. Ешкімге алақан жаймай-ақ бір-бірімізге көмектесе аламыз. Соңғы 6 жыл бойы біз сүйікті еліміздің игілігі үшін жұмыс жасаудамыз. Біз жүректің жалындаған махаббат отын өшірмейтін ұйымның негізін қаладық. Біз өз лигамызды жылулықтан, камкорлықтан және әділеттіліктен құрамыз! Біз туған жерін көркейтуге, табиғатын қорғауға, қоғамда әлеуметтік



Айсұлу ЕРНИЯЗОВА:

ЕРІКТІ БОЛУ – ЖҮРЕКТІҢ ІСІ

жобалар бойынша белсенді, жақсылыққа жаны құмар, барша мейірімді жандарды бір шанырақ астына жинадық!..

Жас qazaq: Еліміздегі жастардың ерікті болуға дайын ба? Олардың белсенділігі қандай?

А.Ерниязова: Біздің елде еріктілер өте белсенді. Ерікті бол — жүректің ісі. Еріктілер жылында бұл одан да айқын көрінеді деп ойлаймын. Біз өз жұмысымызды еріктілік қызметті дамытудың жеті ұлттық бағыты аясында жасалған «Біргеміз» жалпы тұжырымдамасы бойынша бастадық. Бұл білім беру, медицина, экология бағыттарындағы еріктілік. Қарт адамдарға көмек көрсету, қиын жағдайда жүрген адамдарға ақыл-көнес беру, рухани және мәдени құндылықтарды сақтауға бағытталған еріктілік. Ерікті - қоршаған орта мен қоғамға жана игі өзгерістер әкелуді қалайтындар. Сонымен қатар жасаған жақсылығы мен атқарған жұмысы үшін ақы сұрамайтын жандар. Бұл мұқтаж адамдарға риясыз, ешкімнің мәжбүрлеуінсіз шын көңілден көмек, қалтқысыз қолдау көрсетуге бағытталған қызметтің ерекше үлгісі. Әлеуметтік бағдарламалар әзірлеу және адамдарға көмектесу мақсатында біз жыл сайынғы «Жақсы істер марафоны» жобасын бастадық.

Жас qazaq: «Еріктілер лигасы» алдағы уақытта қандай бастамаларды қолға алмақшы? Жоспарларыңыз жайлы айтсаңыз.

А.Ерниязова: Биыл біз «Біргеміз» жалпы тұжырымдамасы бойынша жұмыс істейтін боламыз, сонымен бірге ел игілігі үшін мұқтаж жандарға одан әрі көмектесуімізді жалғастырамыз. Жалпы, қоғамда кез келген



мәдени іс-шаралар, әлеуметтік, ғылыми жобалар, кездесулер, мерекелік концерттер еріктілерсіз өтпейді. Біз сол іс-шаралардың барлығына қолдан келгенше, өз көмегімізді көрсетіп, әрқашанда қатысуға дайынбыз! Алдағы уақытта осы бағыттар бойынша көптеген игі істерге арнап мақсатты жоспар құрдық. Біз барлығымыз біріге отырып, өз ортақ мақсатымызға қол жеткіземіз. Себебі біздің мүддеміз ортақ, біз әлемді аз да болса мейірімді етуге атсалысамыз.

Жас qazaq: Ерікті жастарға ақы төлену керек деген мәселе қозғалды. Бұл пікірге көзқарасыңыз?

А.Ерниязова: Мен еріктілерге төлем қажет емес деп санаймын. Керісінше студенттерге түрлі жеңілдіктер алу мүмкіндігін ұсынған дұрыс. Мысалы, ЖОО-ға түсуге жеңілдіктер, жатақханалар үшін жеңілдіктер, басқа да қоғамдық орындарға арналған жеңілдіктер. Осындай шешімдер еріктілік тұжырымдамасына көбірек сәйкес келеді.

Мақпал НОҒАЙБАЕВА

ФОТОАЙНАҚ

ТЕРІСТІК ТАСҚЫНҒА ДАЙЫН БА?



Фото: inform.kz



E-mail: jasqazaq2019@mail.ru

www.jasqazaq.kz

BIRLIK

Халқымызда: «Ана бір қолымен бәсікті, еңді бір қолымен әлемді тәрбетеді» деген қанатты сөз бар. Бұл тек қазақ халқының қыз-келіншектеріне қаратып айтылған жоқ. Әлемдегі барлық аналардың қадірі мен қасиеті, орны мен рөлі, болмысы мен болашаққа қосар үлесіне қаратып айтылса керек. Бүгінде облысымызда 105 ұлт пен этнос өкілі бейбіт қатар тұрып өмір сүруде.

Жетісу өңірінің өркендеуі мен дамуы, экономикалық әлеуетінің артуы, қаржылық мүмкіндіктерінің кеңеюіне нәзік жандылардың қосар үлесі артып келеді. Сол қатарда этнос өкілдерінің қыз-келіншектері де бар. Олар өмірдің барлық саласында еңбек етіп, өздерінің ақыл-парасаты, адал еңбегі арқылы жеткен табыстарымен аймақтың алға басуына, елдің әл-ауқатының өсуіне бір кісідей еңбектеніп келеді. Оның бірі – мемлекеттік қызметте құлшына еңбек етсе, еңді бірі – білім, денсаулық, спорт, құқық қорғау, кәсіпкерлік, бизнес, тағы да басқа салада салмақты жолын қалыптастырып үлгерді. Әсіресе, бизнес, білім саласында еңбек етіп жатқандарының жетістігі де жетерлік. Осы ретте, айналасына адал еңбекпен өнеге көрсетіп, табандылығы арқылы жетістікке жетіп, қоғамға белгілі деңгейде үлес қосып жатқан этнос өкілдерінің қыз-келіншектері жайлы айтқымыз келді.

Бүгінгі таңда қарапайым еңбек адамдарына деген түсінігіміз тереңдеп, оларға құрметіміз арта түсті. Өйткені, бизнес пен қаржыгерлік саласы өркендеген сайын қарапайым еңбек адамдарының рөлі де өсті. Олардың айналасындағы адамдарға көрсететін үлгісі, жастардың кәсіптенуіне жасайтын ықпалы да көбейді. Абай дана: «Адамның адамшылығы істі бітіргенінен емес, бастағанынан білінеді» дегендей, бір кәсіпті бастаудың өзі талай қиындықпен келетіні анық. Десе де, бастап алған соң оны дамыту үшін жанталасып жүріп, өз кәсібінен нәтижеге жеткенінді білмей қалатынын да шындық. Кейіпкеріміз Виктория Майер да өз кәсібін ашқанға дейін Талдықорғандағы «Темір-бетон» зауытының дайын металл бетон бұйымдары цехында термист-танбалаушы болып жұмыс істеді. Бұл көрінген әйел заты бара бермейтін мамандық. Нақтылы осы мамандықты оқымаса да, өмір оның сол мамандықтың қыры мен сырын терең меңгеруге жетеледі. Жоғары температурадағы пештерден балқып шығатын темір металл бұйымдарды танбалау нәзік әйел заты үшін оңай емес еді. Кейін жұмыс бабымен біраз уақыт «Метакон» металл конструкциясы зауытында көпірлі крандардың машинисі болды. Еркектер сияқты қранның құлағында ойнап, ол жерде де біраз тәжірибе жинақтады. Бірақ қара жұмыс жалықтыра бастаған бір кезде өз алдына кәсіп ашып, өмір жолын басқа арнаға бұрғысы келді. Сонымен «Бизнес-бастау» жобасы бойынша қысқамерзімді курсты бітіріп, маникюр мамандығын меңгеріп шықты. Міне, содан бері тоғыз жыл бойы осы мамандықтан нәсіп тауып жүр. Виктория осылай өз өмірін өзгертіп қалмастан, тағы да біраз қыз-келіншектерге өз білгенін үйретіп келеді. Оның біразы бүгінде өз салонын ашып, жеке жұмыс ашып алды. Викторияның өзін де, өзегі де қуантқан табандылығы бізді де тәнті етті. Осыған орай, оған өзімізді толандырған біраз сұрақтарымызды қойып, жауап алып едік.

Жас qazaq: Тырнақ сервисінің шебері мамандығына қалай келдіңіз?
В.Майер: Зауытта жұмыс істеп жүргенде күнделікті міндетім тым қарбалас болатынмын. Жұмыстан кешікпеу үшін таңертең ерте тұрып, бала-шағаның таңғы асын дайындайсың. Жұмысқа бара жатып біреуін ертіп барамын да, түскі үзілісте үйге әкеліп, тамақтандырып, екіншісін қайтадан мектепке жетелей жөнелемін. Кешкі жұмыстан қайтарда оны алып кетугін керек. Бір жағынан, үй, енді екінші жағынан, жұмыс, мектебі тағы бар, қатты шаршайсың. Бірақ жас болғасын оның бәрін тез ұмытып кетесің. Күнде үй мен мектептің аралығындағы «Алиса» сән салонының қасынан өтетінбіз. Өзімен-өзі болып жұмыс істеп жүрген адамдарды көргенде: «Осылар ұқсас жүретін кез болар ма еді?» деп қызыға қарап өтіп кететінімін. Бір күні салонның есігіне балалардың тырнағын сәндітейтін

адамды жұмысқа алатындығы туралы жұмысқа шақырту ілінді. Оны көрген қызым осы жұмысқа мен барамын деп мазамды әбден алды. «Осы мамандықты мен неге оқымаймын» деген ой келді бір күні. Сосын жұмыстан шығып, маникюр мамандығын үйренуге кірістім. Кейін өз алдыма салон аштым, содан бері тоғыз жыл бойы тәжірибем толысып, бизнесім ұлғайды. Қазір өз тұтынушыларым бар. Оның үстіне бірнеше шәкірттім өз алдына кәсіп ашып, еңбектеніп жүр.

Жас qazaq: Осы мамандық сізге қандай бақыт сыйлады?

В.Майер: Мен өз мамандығымды өте жақсы көремін. Ең алдымен салонға келген аруларға қуанышпен, көтеріңкі көңіл-күй, сұлулыққа құштарлық сыйлағанымға қуанамын. Тіпті күн сайын жана нәрселерді танып-білуге

ЕҢБЕКПЕН ӨРІЛГЕН ӨМІР



ұмтыламын. Шеберлікті шыңдап, барлығын білуге құштарланамын. Өйткені, адамдардың талғамы күн сайын өсіп отырады. Айналадағы кәсіпестерің де жаңалықтарға құштар жандр. Былай қарағанда қарапайым дүние болып сезілетін тырнақ индустриясы саласының барлық құпиясын білу мүмкін емес. Бұл мамандық тұрақты, тәулік бойы және жыл бойы дамуды талап етеді. Күн сайын жана әдістемелер, технологияларды меңгеріп, жұмыс істеуге үйрену керек.

Бұл жерде мені тек қана маникюр маманы ретінде қабылдауға да болмайды. Кейінгі жылдары «Юрий Гагарин» атындағы дүниежүзілік екінші соғыс тұсында із-түссіз кеткен жауынгерлердің дерегін іздеу, табу мақсатындағы жұмыспен айналысатын жастар клубымен бірлесе, тегін жұмыс істеп, оларға қаржылық қолдау көрсетіп келемін. Әлі күнге дейін тығыз байланыстамы. Өте батыл, талапшыл, айқын мақсаты бар балалардың табандылығы мен ізденгіштігі мені қатты қызықтырады. Соғыста қайтыс болған сарбаздардың дерегін тауып, жеке заттарын танып, туған-туыстарын тапсырып, қуаныш сыйлап жүргені бізге қанатады. Кейде шабытым келгенде өлең жазып, өзімнің ойымды өрнектейтінім де бар. Адам өмірі де сан қилы ғой. Кейде өмірге болған өкпе-ренішімді де, қуаныш-шаттығымды да қағазға түсіремін. Жас кезінде жазған өлеңдерім, поэмаларым көп болып еді. Ұқыпсыздықтан жоғалтып алды. Қазіргі жазғандарым да бірталай болып қалды. Алда басқа жоспарым бар. Бұны неге айтып отырмын. Қазіргі таңда көптеген адам біз сияқты жандарды тек бір ғана кәсіппен айналушы деп қарайды. Бірақ олар біздің жан-дүниемізде толып жатқан жақсы қасиеттер бар екенін сезіне бермейді.

Жас qazaq: Жуырда ғана өздеріңіздің төл мерекелеріңіз өтті. Алдымен, сол мерекеніңбен құттықтауға рұқсат етіңіз. Жаныңыз жүдемесін, еңбегіңіз еселене берсін. Ендеше, осы мереке жайлы өміріңізде есте қалар немесе сізді таңғалдырған оқиға болды ма?

В.Майер: Жылына бір келетін 8 наурыз жалпы әлемдегі еңбекшіл әйелдерге жасалатын құрмет деп білемін. Біздің түсінігімізде 8 наурыз күні әйелдерге ерлер сыйлық жасап, құрмет көрсетуі керек. Менің пайымымша, олай емес. Барлық адам үлкен бе, кіші

ме, ер ме, әйел ме, барлығы әйелдерге бір күн болса да құрмет білдіріп, олардың атқарған жұмысына алғыс айтуы керек. Жыл сайын мереке қарсаңында сыйлықтар алып, қуанып жатамын. Бірақ менің есімнен Талдықорғандағы «Метакон» ЖШС-де қраншы болып

жүргенде алған сыйлығым есімнен мүлде кетпейді. Ол сыйлықты ер адамдар емес, әйелдер жасады. Өзім жас, тәжірибем кемшіл, оның үстіне жұмысқа да жаңадан келгеннен кейін басында қранда жұмыс істейтін үлкені де, кішісі де, ерлері де, әйелдері де топқа қоспай, шеттетіп жүрді. Таң атқаннан кеш батқанша жалғасатын ауыр жұмыс пен өзінді шетке қағушылық көңілге жайсыздық тудыратыны анық. 8 наурыз мерекесіне бір күн қалғанда қранда жұмыс істейтін барлық әйелдер киім алмастыру бөлмесіне жиналды. Олар бір-бірін құттықтап, сыйлық ұсынып жатты. Осы кезде бірге жұмыс істейтін орта жастардағы әріптесім бір тал раушан гүлін және жуынуға арналған сабынын ұсынып, бетімнен сүйіп, мерекеммен құттықтады. Бұл мен үшін күтпеген сыйлық, ұмытылмас сәт болды. Кейін әріптестеріммен жақын араласып, бауыр болып кеттік.

Содан бері он жыл өтсе де, арақатынасымыз үзілген жоқ.

Жас qazaq: Адамның арманы таусылмайды ғой. Бір биікке шықсан, тағы бірін бағындырғың келеді. Ендігі арман, мақсатыңыз қандай?

В.Майер: Қазақ халқында: «Көре-көре көсем, сөйлей-сөйлей шешен боласын» деген мақал бар ғой. Тырнақ сервисін өркендету үшін өз алдыма мектеп-студия ашсам деген арманым бар. Онда 5 минуттық шеберлер емес, шын мәнінде, білікті мамандарды оқытуды ойлаймын. Өйткені, бүгінгі дәуір күн сайын жаңаланып, адамдардың тұрмыс өресі де өсіп келеді. Ендеше, соған үйлесімді әдемілікті сыйлай білу біз сияқты адамдардың қолында. Қазір бұл жұмыстың да басы қайырылып қалды. Үлкен нәтижелер алдағы уақытта болады деген сенімдемін.

Жас qazaq: Өзіңіз де білесіз, еліміздегі этнос өкілдерінің тең құқылы өмір сүруі үшін Қазақстан Халқы ассамблеясы құрылып, жұмыс істегелі 25 жыл болды. Осы институттың ел арасындағы береке-бірлікті сақтау үшін атқарған жұмыстарына қандай баға бересіз?

В.Майер: Кашанда, берекелі елден бак кетпейді. Өз өмірімде сен ана ұлытсың, мен мындай адаммын деген сияқты бірін-бірі бөліп, алапал қарауды көргенде, кездестірген де жоқпын. Қуаныштысы, елімізде әр ұлттың тілін, мәдениетін, салт-дәстүрін сақтауға, оны дамытуға, өзара береке-бірлікте өмір сүруге барлық жағдай жасалған. Қай саланы айтсаң да осындай. Бизнес саласында, тіпті де ынтымактаса жұмыс істеу әдеті қалыптасқан. Мен де алғаш осы маникюрлықты қазақ қыздарынан үйрендім, өзімде қазақтың біраз қыздарына шеберлігімді үйретіп, кәсіптенуіне жол аштым. Қазір бәріміз әпке-сінділей жақын этностардың мәдениеті мен өнерін, өркениетін өрлету үшін облыстық Қазақстан Халқы ассамблеясының атқарып жатқан жұмысы ерен. Кейде олардың да шараларына қатысып, өзімнің үлесімді қосып тұрамын. «Береке кеткен жерде бақ тұрмайды» дегендей, осы берекеміз кетпесе, алар асуымыз көп болады. Өмір тым қысқа, алайда осы қысқа өмірде артымыздағы жастарға үлгі болатын, олардың көңілдері жарасып өмір сүруіне мүмкіндік беретін, бар ынта-ықыласымен елдің келешегін кемелдендіріпін өнеге қалыптастырып кетсек, соның өзі үлкен табыс. Мен осыны жиі ойлаймын. Және де сондай болатынына да сенімдімін.

Жас qazaq: Әңгімеңізге рахмет!

Ынтымақ

Ата Заңымызда жазылғандай, Қазақстан Республикасы зайырлы, құқықты мемлекет. Сондықтан да құқық қорғау саласына жүктелген жауапкершіліктің жүгі салмақты. Десе де, сол сала мамандары бұл міндетті абыроймен арқалап келе жатқанын мойындауымыз керек. Айта кетерлігі, еліміздегі құқық қорғау саласында этнос өкілдерінің де саны аз емес. Сол қатарда Алматы облыстық сотының судьясы Симузар Құрбанова туралы ықыласты әңгімелерді жиі естиміз.

Расында, судьяның жұмысы ауыр, жауапкершілігі мол, оның үстіне бір жағынан отбасының жауапкершілігі жүктелген әйел заты үшін бұл міндетті атқару табандылықты талап ететіні тағы бар. Сондай-ақ оның алдына адамның тағдыры тұрады. Түрлі дау-шардың түпкілікті мәнін тереңдей зерделеп, қоғам мен адамның мүддесі үшін дұрыс шешім қабылдау оңайға түспейді. Бірақ кейіпкеріміз осындай үлкен жауапкершілікті абыроймен атқарып, жұрттың ықыласына бөленіп жүр. Десе де, оның жандуниесінде толқындап жатқан көп сырдың бары анық. Соны түсіну үшін әңгімеге тартқан едік.

Жас qazaq: Симузар Ақбарқызы, сіздің ойынғызша, әйел-судья немесе судья-ер адам деген не? Өзіңіздің тәжірибенізге сүйене отырып, осы сұраққа жауап бересіз?

С.Құрбанова: Құқық қорғау саласының бәрінің де жұмысы салмақты. Қоғамның берекелі, тыныш, ынтымақты, адамдар арасындағы кісілік қатынастың жүйелі дамуы үшін бұл саланың жауапкершілігі ауыр. Ол адамның өміріне, қоғамның мүддесіне жауап береді. Көп жағдайда жұрттар ер судьяларға бүйрегі бұрып тұрады. Әйелдерді нәзік жанды деп есептейтін шығар. Бірақ занның алдында барлық адам тең болғаны сияқты, шешім жасауда мейлі ер немесе әйел судья болсын бәрі заң талаптарына бағынады. Бірақ мәселеге жінішкелікпен назар аударып, жан-жақтылы тексеру, зерделеу тұрғысынан әйелдердің сезгір келетінін жоққа шығаруға болмайды. Сондықтан судьялар курпысы ер мен әйелдерден ортақ жасақталса, нәтиже көрнекті болады. Сонда ғана батылдық пен жінішкелік бірі мен бірі тоғысып, қателік пен дұрыстық ортақ шешімге түйесілі.

Жас qazaq: Адам тағдыры мен қоғам жауапкершілігі сыңға түскен тұста шындықты бетке ұстап, әділдікті талап етіп, дәлелдерге назар аударып, мінсіз, әділ шешім қабылдау оңай болмайтын шығар? Нақты өмірде судья өзінің дұрыс шешіміне қалай барады?

С.Құрбанова: Әрине, белгілі бір іске нақтылы шешім жасау оңай емес. Өйткені, сенің алдында бір-бірімен мүлде келіспейтін дәлелдер келеді. Өзін тыңдаған адамдардың да пікірі екіге айырылып, оның дұрыстығы мен бұрыстығына көз жеткізу үшін көп еңбектену керек. Іске шешім жасауда сенің әрбір сөзің мемлекеттің заңдарында көрсетілген баптарға сәйкес болуы керек. Сол үшін судья қолындағы материалды толық зерделеп, тараптарды мұқият тыңдап, сот практикасын, Жоғарғы Соттың басшылық түсініктемелерін қарап, іске кірісу тиіс. Сонда ғана шешім әділ әрі дұрыс болады. Ең бастысы, тараптарды жалықпай тыңдай білу мен істі заң шеңберінде мұқият қарау шешімнің әділ шығуының негізі болмақ.

Жас qazaq: Сіз үшін қандай сот істері ең қиын саналады?

С.Құрбанова: Кәсіби тұрғыдан алғанда сотта мүлдем қарапайым істер болмайды. Судья қандай да бір дауды шеше отырып, тараптарды мұқият тыңдап отыруға тиіс. Бұл жағдай судьялардың мамандануына көп көмектеседі. Қылмыстық істердің арасында ауыр және аса күрделі істер санатына көмекетке толмаған балалардың ісін қарау ең қиын. Себебі олар әлі күнге оны мен солын толық парықтай



ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖҮГІ

білмегендер. Бірақ олардың ісі қоғамға, адамдардың өміріне белгілі деңгейде зиян келтіріп отыр. Біз де бала тәрбиелеп, өсіріп, болашағынан үміт күтіп жүрген аналармыз ғой. Жанымыздың нәзіктігі тағы бар. Бірақ сот ісіне жеке бастық сезімді қосуға келмейді. Зандық жауапкершілік дегенді де ескеруіміз керек. Тағы бір жағынан, бір реткі ойламай істеген қателік сол баланың кейінгі өмірін аяппалдм басқа арнаға бұрып жіберуі де мүмкін. Сондықтан оның болашағын бүлдіріп алмау жағын да назардан шығармаған жөн. Демек, осы тұста сот төрелігін жүзеге асыра отырып, оны тәрбиелеу жағын да ойластыруға тұра келеді. Сондықтан судья педагог және психолог болуы тиіс. Сонда ғана баланың болашағын бүлдіріп алмайтын, қателігін танып, дұрыс адам болуға бағыттайтын жолды көрсетіп бере алады.

Жас qazaq: Сіздің басты ұстанымыңыз не?

С.Құрбанова: Мен, жеке тұлға ретінде әрқашан үлкен нәрсеге ұмтыламын. Ең алдымен өзінді кәсіби және адамдар сыйлай алатын адам ретінде қалыптастыру. Менің басты ұстанымым – өмірді шексіз сүйетін және адамдардың бақыты үшін өзің арнай алатын әйел болу. Бұл шыдамдылық, құрмет және басқа адамды түсіне білу. Ол менің жұмысымның да нәтижелі болуы үшін ықпал етеді.

Жас qazaq: Дәстүрлі бір сұрағымыз бар. Сіз Қазақстан Халқы ассамблеясының жұмысын қалай бағалайсыз?

С.Құрбанова: Елбасы бір сөзінде: «Тәуелсіздік – біздің маңдайға басқан бағымыз», – деген еді. Расында, Тәуелсіз ел болғалы көп жетістікке жеттік. Алдымен, мемлекет құрудың қиын жолдарын басып өтсек, сосын еліміздің етек-жеңін бекемдеуді жүзеге асырдық, сол арқылы шекарамызды шегендеп, нарықтық қатынастың қиын да бұралан жолдарынан адаспай өттік. Тіпті халықтың экономикалық жағдайын көтеру мен әлеуметтік әл-ауқатын нығайтып қалмай, әлемдік саясаттағы Қазақстанның рөлін сәулетендіре алдық. Ең бастысы, Ата Занымыздың айбынын асырып, құқықтық мемлекет құрудың барлық талаптарын орындап, шартын бекемдедік. Қай қырынан келсек те, қолға келтірген табысымыз аз болған жөн. Сол қатарда Қазақстан Халқы ассамблеясының да жұмысын бір жүйеге түсіріп, бүгінде қоғамдық институт ретінде қалыптастырдық. Сол арқылы оның этнос өкілдерінің құқықтық мәселесін шешудегі рөлін арттыра алдық. Иә, бұндай жетістікті тізбелеп айтсақ, көптеген көңілді мысалды тауып жазуға болады. Бірақ оның бәрі елдің көз алдында болды, болып жатыр, алдағы уақытта да бола береді. Біз осы арқылы елімізді құқықтық, зайырлы мемлекет етіп құрып шығамыз.

Жас qazaq: Әңгімеңізге рахмет!

Қажет АНДАС,
*Алматы облысы бойынша
меншікті тілші*



Қазақ журналистикасының бірнеше буынын тәрбиелеген оқытушы, филология ғылымдарының кандидаты, профессор Клара Қабылғазина биыл 70 жасқа толып отыр. Ұзақ жылдардан бері Әл Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің журналистика факультетінде сабақ беріп, ұрпақ тәрбиелеп, ғылыммен де өтене айналысып келе жатқан ұстазымызды мерейтойымен шын жүректен құттықтап, газет оқырмандарына ғалымның әйел табиғатына арналған психологиялық эссе жанрында жазылған әңгімесін ұсынып отырмыз.

Төрткүл дүниенің төрт бұрышын түгел көргісі келгендей шарасынан шыға жаздаған жанар ойыса-ойыса тау басында соқта-соқта болып жатқан қар сілеміне тоқтады. Тесірейе, тесіле ұз-а-а-а-к қарады. Олардың да күні өтіп бара жатқандай... Жылдар жылжыған сайын, күні көкжиекте көміліп, сілемдері де кеміріліп, уақыттың екпіні ығына көндіріп, өз дегенін істеткендей. Әнеукүнгі кездерінен тағы да азайып қалыпты.

Сілемдерді сынай қараған күйі, биіктен не нәрсеге де асқақ көз салып тұрған қарағайларға ойысты. «Биіктен бәрін көріп, тәкаппарсып тұрысын қарашы». Олардың паңдығына, пендешілігінің жоқтығына, адамдардың қорлығын өзі сияқты көрмейтініне ызасы келгендей...

Дарбазаның түбінде манкыып қара төбет жатыр. Бағанадан бері қынсылай оның мазасын алған сары қаншық қозған нәпсісінің бетін қайтара алмай, төбеттің алды-артын иіскелеп, тістелеп, ыңырсиды. Маң төбет мыңқ етпейді. Әлде сары қаншықтың «күндестеріне» барып, маукын басқан ба, әлде қартайайын деген бе, әйтеуір өзін «аймалап», әлсін-әлсін шабына мұрнын тығып, мауығын баса алмай жатқан ұрғашыға көңіл бөлер емес. Әлден соң «мазамды алма!» дегендей арс етіп, қаншықтың меселін қайтарып тастап, сұлбасын сүйретіп әрірек барып жатты. Танғы тыныштық жалғасын тапты.

Жанарын жас жуан әйел таңғы тәтті ұйқы құшағына ене алмайды. Ұйқысыздық күнделікті дағдысына айналғандай. Таңды қарсы алады, айналаны көзімен сұлық шолады, жан-жануарлардың тынысын тыңдап, табиғаттың тамашасына қызығып қарамайды. Қайта сарыла, үмітін үзе қарайды. Сары қаншықтың жаңағы әрекеті жүйкесіне тиді. Денесі тоназығандай болған соң үйге кіріп, орындыққа жайғасып еді, мияулап ала мысық жетіп келді де, осыны күтіп тұрғандай секіріп алдына шықты. Аркасынан сипап еді, рахаттанып, көзін жұмып, пыр-пыр ете қалды. «Япырмай, мысық екеш мысыққа да аялы алақан керек екен-ау» — деді. Есіне бір келіншектің әңгімесі түсе қалсын.

«Алла әйелге, әсіресе, қазақтың әйеліне белшеден бейнет берген ғой. Күні бойғы қызметін, сонан соң үй тірлігі, бала қамы. Ерін де бір бала. Тамақтандырып, жинап-теріп, жайғастырған соң әйелдік қасиетім оянып, айнаға қарап, сымбатыма көз салып, қыздай тиген жарымның қасына қисаямын. Сондайда ол да аяп, аялап, ілтипат білдіріп, сипай салса, мысық сияқты пыр ете қаламын. Сол сәт ұзағырақ болса екен деп, ертен ерте тұратынымды да ұмытып қаламын», — деген еді-ау. Шынында, әйел мен мысықтың ұқсастығын байқағандай...

Әйел әлі отыр. Күн шуағын шашып, нұрын төкті. Үй іші алакөбеннен арылып, жарық болды. Бірнеше айдың жүзі өтті. Ойдың орны тола түсіп, тіпті ернеуінен аса бастаған. Енжарлық басып, ешнәрсеге зауқы соқпай, жан дүниесі әлем тапырық, ішін қызғаныштың аждаһасы тырнап-тырнап жібергендей болады. Содан көзге жас үйіріледі, екі иығы қусырылып, бір уыс болып, дірілдеп жылайды. Егіледі, оксиді. Сонан кейін жанардағы жас бітеді. Одан әрі қайтадан тірлігімен тырбандайды. «Ой, казекем-ай, түстік өмірім болса, кештік мал жина», — деген ғой.

Тағы таң атады, қайталап күн батады. Күн батқан сайын ой шүнәті мұны құй тереңіне батырады. Көз алдынан көлбендеп бақытты сәттер өте бастайды: алғаш ақ некесі қиылған күн, алғаш рет аналық сезімді бастан кешу, алғаш өз тәнінен бөлінген шарананы көру, алғаш олардың балдай тілінен рахат алу, алғаш тәй-тәйлау. Осындай толып жатқан алғашқы сәттер, тіпті бүкіл өмір ортақ болып кеткелі қашан ері екеуіне?!

Сайтан ойлар санасын сансыратып, сан-саққа сараптап, салмақтап болған

Жоғары оқу орнына түсіп, орталық қалаға келгелі қалаланып, бояу жағынып, әтір себініп, өркениеттің өкпек желі өнін сорып, қара торылықтан бозан түрге еніп, онысы өзіне жарасып, тіпті сұлуланып кеткен болатын. Бұралықтың, еркеліктің өмірі ұзаққа бармады. Сол бір көктемнің көгілдір кеші әсер етті ме, әлде тұмса сезімнің түндігін ашуды Алла сол жігітке нәсіп етті ме, сүйір тілден шыққан сүмбіле сөз өн бойын аралап, жүрекке жетіп тынды. Жастығына да қарамастан «Жар болшы!» дегенге жығыла салды. Бойжеткеннің бұлаңдаған, сыландаған күндері «Қош,


періште көңілге көленке, жанына кірбін түсіргісі келмегендей шыр-шыр етеді.

— Оқы, оқы! Еркегінің не істеп жүргенін білгізейін деп мен саған мұны алдына әдейі тастап тұрмын. Неше жылдан бері аппақ таза пейіліңе, жайсаң жаныңа, нәзік болмысына дақ түсірмейін деп аян білдірмеген едім. Енді бір қызық болсын! Ха-ха-ха!..

— Япырмай, мынау әзәзілдің даусы ғой. Қой, оқымай-ақ қояйын.

Кітапты әрі қарай итеріп тастағандай болған. Енді қараса, қайтадан қолында тұр.

САБЫР МЕН СЫБЫР



қош!» айтып, өмірдің көкжиегінде қала берді.

Сонымен , тағдырдың кемесіне бірге мініп, іркес-тіркес өмір басталды да кетті. Біресе, долы желді, толқынды күндер келіп, кемені аударып, төңкеріп тастайтындай болып, біресе, шуақты шак шамын жағып, әйтеуір суға батып кетпей келе жатқандарына екеуі де мәз болатын. Кенет...

Кенет әйелдің тұнығы лайланды. Шаттығы шайқалды. Еркек тырнақ астынан кір іздейтін болды. Әйел түсіне алмай дал. Суысқан күндер көбейді. Әлдебір сайқал суық қолын сұғып, аздыртып жүр ме?! Ерінің әрбір әрекетіне тек үмітпен, сеніммен қарап үйренген әйелдің әлдебір оймен мазаланып жүргеніне бірталай уақыт болды. Жаратылысында әйел болып ерінің

— Оқы, оқы! Оның не істеп жүргенін біл. Ол саған адал емес! Тұнығын баяғыда лайланған. Мен сені аяғаннан көрсетіп тұрмын. Әрі қарай оқы!, — деп сол иығынан сығалаған сайтан саңқылдап қояр емес.

Сонымен оқыған. «Жаным, сені осынау күндерде жолықтырғаныма дән ризамын. Махаббаттын не екенін, сезімнің осындай тәтті боларын сезбеппін. Енді сезгеніме, енді соның бесігінде тербелгеніме Аллама мың ризашылығымды білдіремін. Ешқашан сүймегендеймін. Тәтті күндер ұзағынан болса екен. Сенің жастық жалыңыңа шарпылып, тіпті жасарып бара жатқандаймын».

— Япырмай, маған арналған жолдар ма екен? Басқаға арналғаннан сактай гөр, Алла!

Талай талмаусырата күтетін күндерінің белгісіндей, қайта оралған ыстық сәтін күткендей әйел күнделік бетін қайтадан парактай бастады. Парактаған сайын оның, ерінін, баскамен өткен тәтті күндерінің суреті көз алдына елестеп, басқанын тәнін құшқан арам еркекке өшпенділігі оянғандай. Есін жия алмай қалды. Аяқ астынан білген жағымсыз жаңалық көктен жай түсіргендей. Ел жакқа барып келемін деп кеткен еркек әлі орала қоймас деген сеніммен отырып, өз көзіне өзі сенбей қайта-қайта оқыды. Өзіне арналмаған жолдар екеніне көзі жеткен соң мәселенің мән-жайын шындап түсінді.

Екі жыл ма, жоқ, бұнын суысқан сәтіне одан да көп уақыт болды-ау? Осындайда өткен күндерден белгі болатындай күнделік жазбағанына өкінді әйел. Күнделік демекші, мұндай жағдайға түскеніне сол бөле — күнделік себеп болды емес пе. Әйтпесе, сеніммен сүрген өмірі сүріндірмес еді. Көзін жұма қалса, көлбей жазылған жолдар қаз-қалпында келе қалады. Әр сөзі, әр жолы көңілінде сайрап тұр. Қандай шешім қабылдарын білмей дал. Күні ертен ажырасып, өз алдарына тұрмысын күйттеп кеткен балаларымен де қоштасып, еліне кетіп қалмақшы да болды.

Періштесі қайтадан жұбатады: «Қой, әйел, әумесерленбе! Әзәзіл азғырып, ерін жолдан сәл тайған шығар. «Ат айналып қазығын табар» дегендей, шыдай тұр, ол сені жақсы көреді. Сен оның алғашқы махаббатсың, сені шын сүйеді. Оның балаларын дүниеге әкелдің. Бүкіл ғұмырыңды, тағдырыңды соған арнадың. Ол у ішсе, у іштің. Ол су ішсе,

су іштің. Сондықтан ерін сенің алдында қарыздар. Сенің пәктігіңнен, адалдығыңнан аттамайды. Сабыр, әйел!», — деп құлағына әлсін-әлсін сыбырлаған періштесінің үніне мойынсұнған болатын.

Кешелі бері періштенің үнін шығармай ібіліс ілбіп тағы келіп алды. Санасынан шығарып қуып-ақ жіберейін дейді, болмайды. Оның күші адамның адалдығынан күшті, ақиқаттың салмағынан ауыр сияқты. Күнде келеді. Қайталайтыны: «Сен, көрсоқыр, бәлен жылдан бері ештене сезбей, білмей, мәнгүрттің күнін кештің. Енді білдірсем мойындамайсың. Сен, бейшара әйел, осы өмірде не қызық көрдің? Айтшы. Түк те көрген жоқсың. Саған жұмыс орнында кездесіп қалған сайын еміне қарайтын еркектерді көзіңе де ілмейсін. Бекер. Еркегінің есесін қайтар. Соның біреуіне күлімдей салшы, табанынның астында қалады. Сендей әйел аз бұл өмірде. Иә, аз. Ә-ә-ә, сәл есейгенің ештене етпейді. Бар, бар, бар. Келіс...

— Кет! Кет! Әзәзіл, азғырма мені! — дейді әйел.

— Бар ма! Адалдығыңды, адамдығыңды былғама! Арыңа дақ салма! — деп он иығындағы періште шырылдайды. Дегенмен әзәзілдің аты әзәзіл екен. Періштені жентгендей. Әйелдің ойына әлдене келді.

Үлкен мекеменің есеп-қисап бөліміндегілердің арасын бөліп тұратын әйнек терезеден өтіп, өзіне тесілген, жан жүйесінің шырқын бұзған жанарды сезген әйел жалт қараса, анау тұстан көз салып тұрған сұлу жүзді жігіт ағасы екен. Жалт қарағанымен қоймай, әйел қабағын кере жымиды. Ол да жауап қата күлімсіреді.

Жұмыс соңында бүкіл мекеме қызметкерлері жинала бастайды. Үлкен есік бір жабылып, бір ашылып тыным таппайды. Нөпір ел сыртқа қарай ағылады. Сонау биіктен лифтпен лак-лак төгіліп, шығып жатқан адамдар арасынан жанарын жаутандатып, әйел жүзі танысты еріксіз іздеп қалғандай. Кенет, сүріне жаздаған оны қолынан біреу демей қалсын. Өн бойын аралап өткен бейтаныс сезім жылт етіп, бой көтере бастады да:

— Рахмет! — деді жымнып.
— Шын рахмет айтқан болсаңыз, күні бойғы шаршағанымызды басып, қыдырыстап, жүріп қайтсақ қарсы болмайсыз ба?
— Жарайды.

Қалжыңнан басталған еркек әңгімесі біртіндеп сырға айналды. Өзінің көптен бері осы әйелге аңсары ауып жүргенін әдемі тіркестермен жеткізді. Әйел оған сенбегендей еді. Сайтан тағы сап ете қалсын:

— Иіл. Аздап болса да иіл. Қакима! Өмір бойы қакиып болдың ғой. Үйдегі еркектің ісін есіне ал. Не ері бар әйел сияқты ләззат көрмейсін, не ері жоқ әйел сияқты жүріп тұрмайсың. Өзінді ая!, — деп ібіліс так-так етеді.

— Қой, ібіліс, азғырма мені!
— Азғырғаным емес, шын жаным ашып тұр.

«Ой, Алла, жаны ашитын да сайтандар болады екен-ау!» деген ойлармен тұрған ол өз еркінен айырылғандай. Дегенмен, сайтанның дегені болды.

Кешкі қыдырыстан кейін үйіне шақырған таныс өзінің ойындағысын жүзеге асырып, көптен аңсары ауып жүрген әйелді құшып, құмарын қандырды. Әйел де еркек құшағының ыстығын сағынып қалғандай. Өн бойындағы құмарлық қуатын шығарғысы келгендей, ынтыққан көңілін баса алмай, қалай аймалап қалғанын байқамай да қалды.

Бір сәттік құмарлықтың, өткінші сезімнің жалыны әп-сәтте сөне салды. Япыр-ай, бұл не істегенім? Әйел өз әрекетіне өзі енді ғана есеп бергендей. «Таспен атқанды аспен атамын» дегені қайда қалды? «Әйел жолы жінішке» дегенді қалай салыстырмады?

Ұяттан аттай салғанның онай болғанымен, тәнірінін алдында, ардың алдында жауап берудің машақат екенін, оның орны еш толмайтын өкініш екенін, пендешілікті кеш түсінгеніне өксігендей еді.

Әлдеқайдан әлдебіреу саңқылдап жыр жолдарын оқып тұр:

Гүл болып ашылмағанның, тілегін кім бар жақтаған, Рухы қосылмағанның, сезімі шаттық таппаған. Рухы қосылмағандар — жалынсыз, сансіз, жаһұтсыз, Сондықтан мына жалғанда үшеудің бірі — бақытсыз. Үшеудің бірі — бақытсыз...

Сол күні түнде Жер-ана күрсініп, екі иығын селкілдетіп, дірілдетіп жылады. Үйлер құлап, адамдарды жаншып, аспанда от жарқылдап, пенделер шыбын жан үшін арпалысты. Періште аспанда қалықтап ұшып, әйелді іздеуде. Сайтан сақ-сақ күліп, қызықтап тұр.

Клара ҚАБЫЛҒАЗИНА,
филология ғылымдарының кандидаты, профессор



сон қайтадан жарқын күндеріне бет бұрады. Дәурен-ай! Жастық шак-ай десеші!.. Әдемі көздері, сүйкімді келбеті, тал шыбықтай иілген тұлғасы, үнемі бір шапағат шашып тұратын мінезі талай жігіттердің назарын аударып, есін кетіретін. Осы ерекшеліктерін бойжеткен сезініп, өзінің қадірін біліп өсті. Даланың ерке елігі олар қызыға ұмтылған сайын, сықылықтай күліп, орағытып, ор аттап кете баратын. Өйткені, ата-ана махаббатынан басқа сезімге жол ашпаған бұла еді.

қалтасын тіптіп, телефонын қарап, қағазын актарып, ақшасын санап көрмеген болатын. Сенетін. Өйткені сүйетін. Бір-біріне бауыр басып, үйренісіп кеткен-ді.

Ерінің бас жағындағы сөресін реттей салмақ ниетпен қағазды қолына алғаны сол еді. Дәл алдына қалың қоңыр кітап қайдан түскені белгісіз, пайда бола қалғаны бар емес пе. «Қандай кітап екен?» деп қарай салғаны сол, өзіне таныс қолдан шыққан жолға еріксіз үнділі.


— Әбестік, бұл! Неге окисың? Бұлай істеуге болмайды — деп он иығындағы

БҮГІНГІ
САТИРА

Әй, ит өмір-ай!..
Құрсақ көтеруге зар
болып жүріп, көз жасымды көріп,
шарана шыр етіп дүниеге келгендегі
қуанышымды айтсаңшы... Сөзімді
«ит өмір-ай» деп бастауым — тоғыз
ай көтеріп дүниеге келтіргенім... әй,
иттікі, бәрі ана полигонның... атом
сынағының сықпыты, туғаннан
соның «бағтын» жамылып, ауасын
сіміріп өскеннің кесірі... балам
«баскада жоқ бала» болып дүниеге
келіп... қос жанарымен қосақталып
тура мандайына алақандай
көз бітіп жарк ете қалғанын
айтсаңшы... Алғаш көріп алдырап,
тілім күрмеле түске дейін есімді
жоғалтып есенгіреп, сасқаннан
как мандайдағы жанарды сипалап
бір ашып, бір жұмғыза беріппін...
Күйеуім көріп күренітіп, онсыз да
бар тұтықпасы қозып қылғынып
қалды.

«Әй, ит өмір-ай, онсыз да
шықпа жаным, шықпамен
жүрген мына заманда...
киындықтан, жетіспеушіліктен
қажып біткен басымызға бала бұйырып
енсе түзеліп, ертеңгі күнге үмітпен қарап,
киындық атаулыға қасарыса тұрар демеу
бола ма деп жүр едік... Ал керек болса,
болашағын бордай тозды, үмітін үзілді
деген осы» деген күніреніспен ес-түссіз
екі жеті жатып ес жисам... үй толы адам...
сөйтсем, олар перзентімнің көрім көзін
қызықтаушылар екен. Ақырып тұрып
айдап шықтым...

Кеткен соң қарасам, ашумен
байқамаппын — сәбиімнің төңірегі толған
ойыншық, өзін киіндіріп үлде мен бүлдеге
орап-ақ тастапты. Күйеуімнің жүзі
жайдары, баласын ойнатып бас жағында
отыр.
Ана емеспін бе, іштен шыққан шұбар
жылан... енірене емсініп емізейін кеп...

«Көрім» көз
(монолог)

Облыстан келдік дейді, әкелгендері
әжептеуір, үндемей отырып шығарып
салдык.

Теледидардан келдік дегенде,
«жетпегені осы еді» деп шат-шәлкей
болдым... Олардың «сәби ерекше
камкорлыққа алынады, табиғаттың
«тамашасы» ерекше құбылыс болып отыр»

деп өздері тарапынан теледидар
әкелгенін құлағым шалып бір сәтке
үнсіздік таныттым... Ойпыр-ай, көп
өтпей «көрім көзімді» теледидардан
көріп көзайым болдым.
Келушілер де көбейді, құр қол
емес, «көрімдіктері» көңіл жұбаталды...
Жасырмаймын, келген кірістен
әжептәуір қон да қордаланып
қалыпты.

Бір бизнесмен табалдырық аттағаннан
акша шашып, балам жатқан бесікті
бір бумасымен «булап» кете барғанын
айтсаңшы.

Тағы біреуі арнайы келіпті, баламды
құшағына алып теледидарға тебірене
сөйлеп, байғазым болсын деп
кетерінде жеңіл көліктің кілтін
сәбидің мойнына іліп кеткені.

Құдай оңдап Астанадан да өкіл
келіп, «Еліміздің атын айдай әлемге
алып шыққан сәбидің ата-анасына
деген құрметіміз мынау» деп облыс
орталығынан тиесілі пәтердің
құжаттарын бесіктегі баламыздың
үстіне тастап, пәтер кілтін салтанатты
түрде өзіме табыстады.

...Зымыраған уақыт-ай, өстіп
жүріп жылда өте шығыпты. Несін
айтайын, келіп кеткен ел-жұрттан
айналмаспысың... Осындайда өзіме-
өзім «атын шықпаса жер өрте» деп
мысқылдап, бұйырған бүлдіршініме
тәуба деп жүріп, бір күні «тағы
да перзентті болсам қайтеді?..»
деп ой түйіп, оны санама сап
саралай келіп: «Бізде ғой полигон
құрығалы қашан... неде болса күні
бүгіндері атомын сынаудан алдына
жан салмай отырған ана аты

шулы пәлекет мемлекетке барып тұрақтап,
сонда жүріп құрсақ көтеріп қайтсам» деген
делқұлы ойымды қорқа-қорқа күйеуіме
сыздыктата жеткізіп едім, «Дұрысы сол!
Осыны ойлағаным да он айдың жүзі болды.
Ойымыз бір жерден шықты, кеттік қатын!»
деп, жүзі жайдары, жанары жалыраңқы,
әшейіндегі тұтықпасының белгісі де жоқ,
отырған орнынан атып тұрғаны...

Берік САДЫР,
Нұр-Сұлтан қаласы

МҮКІС МҮЙІС



Халық үшін мерзімдік қарыздар
Срочные займы для населения

15 минутта қолма-қол береміз!		Выдаем наличными за 15 минут!
Анықтамасыз және кепілсіз 200 000 теңгеге дейін!		Без справок и залога до 200 000 тг!
Тек жалғыз құжат – жеке куәлік жеткілікті.		Только один документ – уд. личности.

Қақпак
та кәдеге
жарайды

Біз кейде
қарапайым
заттарға мен
бермейміз. Ал
Алматының
Алатау ауданына қарасты №37 бөбекжай-
балабақшасы кәдімгі пластик қақпақтарды кәдеге
жаратуда.



Оның дәлелі бүлдіршіндер мен тәрбиешілер бірігіп
жасаған қазақтың ұлттық ою-өрнегі бейнеленген кілем.
Қазақтың қошқар мүйізі бейнеленген кілемге пластик
шөлмектердің 7 мыңнан астам қақпағы жұмсалыпты.
Кілемнің бетінен қошқар мүйізден бөлек «суорнек»,
«қаз табан», «құс тұмсық» және «төртқұлақ» сынды ою



түрлерін де көруге болады. Балалар бұған дейін төсеніштер
мен кішкентай кілемшелер жасаған. Бұл бұйымдардың
барлығы ұйқыдан тұрған балақайларға массаж құралы
ретінде пайдаланылады. №37 бөбекжай-балабақшаның
менгерушісі Айнұр Әлімбекованың айтуынша, балалар
қазір дүкен ойыншығынан жалыққан. Ол: «Жарамсыз
заттарды тастамай балалардың қажетіне жаратып,
маторикалық бұйымдар жасаймыз. Сондықтан осындай
заттар арқылы олардың қызығушылығын оята отырып,
әрі ысырапқа жол бермеуге үйретеміз. Балалар қарапайым
ғана заттарды қажетті бұйымға айналдыра алатынын
көргенде қуанады, өздеріне сенім пайда болады» — деді.
Қақпак жинаудан жалықпаған бөбекжай мамандары алдағы
уақытта пластик құтыларды да кәдеге жаратамыз деп отыр.

Макпал НОҒАЙБАЕВА

JAS QAZAQ
ҒААБЕРЕНСЫ

Анар
Әбжанова,
суретші. Жапония,
Ресей, Италия,
АҚШ сынды
алпауыт елдерде
халықаралық
бейнелеу өнерінің
байқауларына
атсалысып, бас
жүлделерге
қол жеткізді.
Суретшінің
туындылары
Париж бен Лувр
көрмелеріне
қойылып, Сандро
Боттичелли
сыйлығының иегері
атанды. Суретші
шығармаларының
басым бөлігін
туған жер
табиғатына,
қала тіршілігіне
арнаған.

Түл
КөктемБас редактор — директор
Срайыл СМАЙЫЛ

Редакция алкасы:

Жолдасбек ДУАНАБАЙ Бас редактордың орынбасары

Жарас КЕМЕЛЖАН жауапты хатшы

Ғалия ҚАЛИЕВА
компьютер орталығының жетекшісі

Тілшілер мен қызметкерлер:

Макпал НОҒАЙБАЕВА — арнаулы тілші

Әбдіманап КЕНЕС — жасар және ғылым

Кәмшат ТӨЛЕШОВА — терімші

Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ — web-sait

Аймақтағы меншікті тілшілер:

Байкен КӨБЕЕВ — Ақмола және Солтүстік
Қазақстан облыстары (8 778 910 45 34)

Кажет АНДАС — Алматы облысы
(8 747 706 13 82)

Баян ЖАНҰЗАКОВА — Атырау облысы
(8 702 426 69 05)

Ерман ӘБДИЕВ —
Жамбыл облысы (8 705 256 50 05)

Ернұр КЕНЖЕБАЙ — шолушы

Ұлдай САРИЕВА — Батыс Қазақстан облысы
(8 705 150 48 30)

Талғатжан МҰХАМАДИЕВ —
Шығыс Қазақстан облысы

Кезекші редактор
Макпал НОҒАЙБАЕВА

Шығарушы:

«Аманат Медиа» ЖШС

Директордың

орынбасары

Мейрамбек

ҚҰЛМҰХАМЕДОВ

Бас есепші

Расима

ӘКІМБЕКОВА

Редакцияның мекенжайы:

050012, Алматы қаласы, Мәуленов, 85 үй, №61 кеңсе, 3-қабат
(Бөгенбай батыр көшесінің қиылысы)

Телефондар: 8(727) 272-43-39; 272-43-25

Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 272-46-22 (жарнама бөлімі)

Газет «Дәуір» ЖШС РПИК

(Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17-үй)

тел: (727) 273-12-04, 273-12-54

Тапсырыс — №2201

Бағасы келісім бойынша

Айлық таралымы — 23 000 дана

Газет Қазақстанның барлық аймақтарында таралады,
сондай-ақ «AirAstana», «Turkish Airlines», «QazaqAir» әуежолдарының ұшақтарында бар.

Газет 2004 жылы 14 желтоқсанда тіркелген.

2020 жылдың 19 ақпанында ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігі
Ақпарат комитетінде қайта есепке тұрып, № KZ23VRY00020470 куәлігін алды.

Мақала авторының пікірі редакция көзқарасын білдірмейді.

Жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты.

Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.